

IV/4 шешімге сәйкес Орхус конвенциясын орындау туралы баяндама (ECE/MP.PP/2011/2/Add.1)

**Төмендегі баяндама Қазақстан Республикасының атынан ұсынылады
[Тараптың немесе сигнатария атауы] I/8, II/10 және IV/4 шешімдеріне
сәйкес**

Ұлттық баяндаманы ұсынуға жауапты қызметкердің аты-жөні: Даулетьярова Наталья
Ивановна

Қолы:

Күні:

2017-2020 жылдар аралығында орындау туралы баяндама

Баяндама бойынша бастапқы деректерді ұсынуға өтініш

Тарап: Қазақстан Республикасы (ҚР)

**Ұлттық үйлестіруші орталық: Қазақстан Республикасының Экология,
геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі –ЭГТРМ)**

Мекеменің толық атауы: Қазақстан Республикасының Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі

Қызметкердің аты-жөні және лауазымы: **Ширанов Акзан Рашидович**
ЭГТРМ Экологиялық саясат және тұрақты даму департаментінің директоры

Даулетьярова Наталья Ивановна

Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті директорының
орынбасары

Пошталық мекенжай: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
сол жағалау, Министрліктер Үйі, Мәңгілік ел к. 8, 14 кіреберіс

Телефон: + 7 (7172) 740285

Электрондық пошта мекенжайы: s.n.dauletyarova@ecogeo.gov.kz

**Ұлттық баяндамаға сәйкес байланыс жасау үшін қызметкер (басқа адам
болған жағдайда):**

Мекеменің толық атауы: Қазақстан Республикасының Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі

Қызметкердің аты-жөні және лауазымы: Балабаева Алтынкуль

Пошталық мекенжай: 010000, Нұр-Сұлтан қ., сол жағалау, Мәңгілік ел к. 11/1

Телефон: +7 (7172) 248363

Электрондық пошта мекенжайы: altyn_aisa@mail.ru

I. Баяндаманы дайындау процесі

*Баяндаманы дайындау процесі туралы қысқаша ақпаратты қандай
мемлекеттік органдардан кеңес алынғанын немесе қандай мемлекеттік
органдар оны дайындауға үлес қосқанын көрсетіп, ұсыныңыз. Қоғаммен
кеңесу қалай орындалды, сонымен қатар осы кеңесулердің нәтижелері
қалайша ескерілді және қандай материалдар Баяндаманы дайындау үшін
негіз ретінде қолданылды.*

Жауап: Осы Ұлттық баяндама алдыңғы Ұлттық баяндамаларының талдауы,

табиғатты қорғау заңнамасы, бағдарламалық құжаттар, жоспарлар, тұжырымдамалар, ресми Баяндамалар және конференциялардағы, семинарлардағы, тренингтердегі, форумдардағы, қоғамдық тыңдаулардағы мәлімдемелер негізінде дайындалды.

Баяндаманы дайындау кезінде Жоғарғы Соттың ОК жүзеге асыру бөлігінде экологиялық заңнаманы қолдануға байланысты дауларды шешу бойынша сот тәжірибесінің материалдары; Қазақстанмен ОК бойынша өз міндеттемелерін орындау туралы V/9i шешімді орындау бойынша баяндамалар; мемлекеттік органдардың, Ұлттық Орхус орталығының (ОО), «Жасыл құтқару» ЭҚ және басқа үкіметтік емес ұйымдардың (- ҮЕҰ) материалдары қолданылды.

Баяндама жобасы 2020 жылдың 30 қыркүйегінде, 26 қарашасында және 2019 жылдың 27 желтоқсанында ҮЕҰ және ОО электрондық пошта арқылы жіберілді, сондай-ақ 2021 жылдың 14 қаңтарда № 04-2-17/1245, 2021 жылдың 9 ақпанында №04-0-17/1313 Жоғарғы сотқа жіберілді.

2020 жылы 30 қарашада Ұлттық баяндама жобасын онлайн талқылау өткізілді.

Баяндама жобасын жұртшылықпен талқылау үшін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай тұғырнамасына (МО ИРБТ) (www.gov.kz), сондай-ақ ОК іске асыру жөніндегі жұмыс органының бірыңғай экологиялық интернет-ресурсында (www.ecogofond.kz) орналастырылды.

II. Баяндаманы түсіну үшін мәні бар ерекше жағдайлар

Баяндаманы түсіну үшін мәні бар кез келген ерекше жағдайлар туралы хабарлаңыз, мысалы, шешімдерді қабылдауға уәкілетті қандай да бір федералды және/немесе орталықсыздандырылған құрылым бар екені туралы, Конвенция ережелері ол күшіне енгеннен кейін тікелей әсер ете ме және Конвенцияны жүзеге асыру үшін қаржы қиындықтары айтарлықтай (факультативті) кедергі бола ма.

Жауап: Қолданыстағы құқық болып Конституция нормалары, оған сәйкес заңдар, өзге нормативтік құқықтық актілер, халықаралық шарттық және өзге міндеттемелер табылады.

Конституцияның жоғарғы заңдылық күшке ие және ол республиканың аумағында тікелей әрекет етеді.

Республикамен ратификацияланған халықаралық шарттардың оның заңдары алдында артықшылығы бар және халықаралық шарттарын оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа кезде тікелей қолданылады.

Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты заңдар, республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады. Азаматтарының ақпаратты алу құқығы конституциялық құқық болып табылады (Конституцияның 18-бабының 3-бөлігі).

ОК жүзеге асыру бойынша уәкілетті орган ЭГТРМ және Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК болып табылады (ҚОҚАТО).

Қоршаған ортаны¹ қорғау, табиғи ресурстарды² қорғау және тиімді пайдалану, тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық³ және радиациялық саулығы⁴, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі⁵ саласындағы жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге заңды тұлғалардың құқықтары бойынша

¹ Экологиялық кодекстің 13 және 14 баптары, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның 12 және 13 баптары.

² Су кодексінің 62 және 63 баптары, Орман кодексінің 66-бабы.

³ 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193- IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі 87-бабының 9-тармағы, 88-бабының 8-тармағы.

⁴ «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» 19-21 заңының баптары.

⁵ «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 13-бабы.

ережелерден тұратын қазақстандық заңдарды талдау келесі сипаттар бойынша процедуралық экологиялық құқықтарды жіктеуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттар жазу, шағым жасау, өтініштер мен ұсыныстар жасап жүгіну құқығына;⁶
- мемлекеттік органдардан және ұйымдардан уақытылы, толық және дұрыс экологиялық ақпаратты алу құқығына;⁷
- мемлекеттік органдармен қоршаған ортаға әлеуетті әсері бар нысандардың құрылысы және қайта құрылымдау жобалары бойынша шешім қабылдауға қатысу құқығына;
- экологиялық қауіп төндіртін кәсіпорындарды, ғимараттарды және өзге нысандарды орналастыру, салу, қайта құрылымдау және қолданысқа енгізу туралы шешімдерді әкімшілік немесе сот тәртібінде жоюды талап ету құқығына;
- қоршаған ортаға және адамның денсаулығына кері әсерін тигізетін шаруашылық және өзге қызметті шектеуді немесе тоқтатуды әкімшілік емесе сот тәртібінде талап ету құқығына;
- экологиялық заңнаманы бұзу салдарынан келтірілген денсаулыққа және мүлікке зиянды өтеу құқығына;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобасын талқылауға, қоршаған ортаға байланысты мемлекеттік органдардың жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау барысында қатысу құқығына;
- қоғамдық бақылауды жүргізу және жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту жайлы мәселелер қою құқығына;
- қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуді ұсыну немесе бастау, жүргізу және қатысу құқығына;
- қоршаған ортаны қорғау және экологиялық құқықты қорғау бойынша қызметті жүзеге асыру мақсатында бірлестік құруға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктер, қорлар құру арқылы;
- заңнамаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жиналыстарға, митингтерге, пикеттерге, шерулерге және әрекеттерге, референдумдарға қатысу құқығына;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде белгісіз тұлғалар шеңберінің қызығушылығымен құқықты, еркіндікті және заңды мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгінуге.⁸

Заңдарда өмір мен денсаулыққа жайлы қоршаған ортаға (қолайлы қоршаған орта) құқық субъектісі ретінде жеке тұлғалар танылады. Жеке тұлғаларды құқық субъектісі ретінде көрсету азаматтардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың сәйкес құқықтармен тең дәрежеде қолданылатынын көрсетеді.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында 2016 жылғы 8 сәуірде «Экологиялық мәселелер бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды.

Қаржылық мәселелер ОК жүзеге асыруға кедергі болып табылмайды. Аймақтық ОО қызметін қаржыландыру 2014 жылы жүзеге асырылды.

2015 жылы «Қоғамдық кеңестер туралы» заң қабылданды. Қоғамдық кеңес отырыстарын өткізу ережелері мен тәртібі, сонымен қатар шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамдық кеңес туралы ережемен анықталады. Қаржы жеткіліксіздігінен туындаған қиындықтар бар, өз кезегінде міндеттемелерді орындау сапасына әсер етеді. Бастама тек қана қажетті қаржылық-материалдық қолдаусыз қоғамдық бастауларда бар.

⁶ Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 6-тармақшасы.

⁷ Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 7-тармақшасы және 14-бабы 1-тармағының 7-тармақшасы.

⁸ Экологиялық кодекстің 14-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасы

III. 3-баптың 2, 3, 4, 7 және 8 тармақтарының жалпы ережелерін жүзеге асыру бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шаралары

3-баптың 2, 3, 4, 7 және 8 тармақтарының жалпы ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды атаңыз.

Осы тармақтардың ережелері қалай орындалатынын түсіндіріңіз. Атап айтқанда, келесіні сипаттаңыз:

а) **2-тармаққа** қатысты – лауазымды тұлғалар және мемлекеттік органдар көмек көрсетіп, қажетті бағдармен қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

б) **3-тармаққа** қатысты – экологиялық сауаттылыққа және қоршаған орта мәселелері туралы ақпараттандыру деңгейін арттыруға әрекеттесу бойынша қабылданған шаралар;

с) **4-тармаққа** қатысты – қоршаған ортаны қорғауға әрекет ететін бірлестіктерді, ұйымдарды немесе топтарды тиісті түрде танылуын, және оларға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар;

д) **7-тармаққа** қатысты – Конвенцияның қағидаларын халықаралық деңгейге қабылдауға әрекеттесу бойынша қабылданған шаралар, соның ішінде:

i) министрліктер ішінде, сондай-ақ басқа сәйкес халықаралық форумдарда қатысатын лауазымды тұлғаларды ақпараттандыру процесінің ведомствоаралық деңгейінде үйлестіру үшін қабылданған шаралар, 3-баптың 7-тармағының ережелері және Алматы басшылығы туралы, аталған шаралар тұрақты сипатта екендігін көрсету;

ii) халықаралық форумдарға қатысты ақпаратқа ұлттық деңгейде рұқсатты қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар, соның ішінде ақпаратқа осындай рұқсат қамтамасыз етілген кезеңдер;

iii) халықаралық форумдарға байланысты (мысалы, қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бойынша халықаралық келіссөздерде Тарап делегациясы құрамында қатысу үшін үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) мүшелерін шақыру, немесе осындай келіссөздерде Тараптың ресми ұстанымын дайындауға ҰЕҰ тарту) қоғамның қатысу мүмкіндіктерін қолдау және қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар, соның ішінде ақпаратқа рұқсат қамтамасыз етілген кезеңдер;

iv) басқа халықаралық форумдардың жосықтарында Конвенция қағидаларын қолдануға әрекеттесу үшін қабылданған шаралар;

v) басқа халықаралық форумдардың жұмыс бағдарламаларында, жобаларында, шешімдерінде және басқа маңызды қорытынды құжаттарында Конвенция қағидаларын қолдануға әрекеттесу үшін қабылданған шаралар;

е) **8-тармаққа** қатысты – Конвенцияға сәйкес өз құқықтарын орындайтын тұлғалар жазаға, тергеуге немесе қыспаққа тартылмауын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар.

Жауап:

2-тармаққа қатысты:

Ақпаратқа рұқсат беруге қатысты

Заңмен 2016 жылғы 8 сәуірде Экологиялық кодекске экологиялық ақпаратқа рұқсатқа қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген:

1) ЛШТМТ құру (160-бап), басты мақсаты табиғат пайдаланушылар қызметінің айқындығын қамтамасыз ету болып табылады;

2) Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорындағы (МЭАҚ) ақпарат құрамы кеңейтілді (161-бап);

3) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемнен бюджетке түскен түсімдер, қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларға бюджеттен жұмсалған шығындар

туралы, қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу үшін бюджетке түскен түсімдер туралы, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін салынған айыппұлдардан бюджетке түскен түсімдер туралы мәліметтерді интернет-ресурстарда жыл сайын жариялау (163-бап);

4) Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы (ҚОҚҰБ) жыл сайын дайындау және жариялау (166-1 бап);

5) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын оны табиғат пайдаланушы алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жариялау (57-бап).

2019 жылғы 12 желтоқсандағы №279-VI заңымен ЛШТМТ Хаттамасы ратификацияланды.

Экологиялық ақпаратты ұсыну «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес орындалады. Сол сияқты ЭГТРМ 2020 жылғы 2 шілдедегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Экологиялық ақпаратты ұсыну» Қағидаларына сәйкес келеді.

Үкіметтің «МЭАҚ жүргізу Ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 13 қазандағы № 589 қаулысына сәйкес жазбаша түрде, электрондық, аудиошолу немесе өзге түрде ұсынылатын экологиялық ақпаратты жинау жүргізіледі.

Шешімдерді қабылдау процесіне қатысуды жеңілдетуге қатысты

2016 жылғы 8 сәуірдегі заңымен Экологиялық кодексіне шешімдерді қабылдау процесіне қоғамның қатысуына қатысты толықтырулар мен өзгерістер енгізілді:

1) келесі арқылы орындалатын қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша жаңа бап (57-1) енгізілді:

қоғамдық тыңдаулар жүргізу;

қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу;

мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде мемлекеттік органдарға ескертулер мен ұсыныстар беруге;

мемлекеттік органдардағы қоғамдық кеңестерге қатысу: қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттар жобасына ескертулер мен ұсыныстар ұсыну;

2) қоғамдық тыңдауларды өткізу бойынша жаңа бап (57-2) енгізілді;

3) жобалары бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болатын шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі бекітілді;

4) қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелері жаңа редакцияда бекітілді.

Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне рұқсат алуға қатысты

1) Экологиялық кодекске қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер үшін жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау үшін, соның ішінде белгісіз тұлғалар шеңберінің мүддесінде сотқа жүгіну құқығын ұсынуға қатысты толықтырулар енгізілді (14-бап);

2) Салық кодексіне қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер үшін жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау үшін, соның ішінде белгісіз тұлғалар шеңберінің мүддесінде жасалған қуынымдар (өтініштер) бойынша мемлекеттік баж салығын төлеуден босату бойынша толықтырулар енгізілді (541-бап).

ҚОҚ АТО ОК жүзеге асыру бойынша жұмыс органы болып анықталды (ҚОҚМ 2009 жылғы 20 наурыздағы №35-ө бұйрығы). 2009 жылдан бастап оның негізінде ОК жүзеге асыру бойынша Жұмыстық орган әрекет етеді. 2018 жылғы қыркүйекте энергетика вице-министрімен 2018-2020 жылдары Қазақстанда Орхус қозғалысын дамыту жоспары бекітілді.

Мемлекеттік органдармен ақпаратты алуға азаматтардың сұратуларын қараудың жалпы тәртібі «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңмен (2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221) толық жеткілікті

анықталған. Экологиялық ақпаратқа рұқсатты қамтамасыз ету ерекшеліктері Экологиялық кодекстің (бұдан әрі - ЭК) 21-тарауында заңнамалық регламенттеуді алды.

3-тармаққа қатысты:

Келесі шаралар орындалады:

- Экологиялық ақпаратты ОО-веб <http://ecogofond.kz> орналастыру;
- ЭГТРМ және Жоғарғы Сот баспасөз қызметімен экологиялық мәселелерді көтеру;
- Ұлттық ОО кеңес беру-ақпараттық қызметі;
- ҰЕҰ өкілдерін және ЖОО оқытушыларын қоршаған ортаны қорғау саласында біліктілікті арттыру курстарында оқыту;
- «Қазақстан экологиясы» мамандандырылған газетін басып шығару;

ЭК 181-184 баптарына мақсат пен басты міндеттер, ұйымдастыру негіздері, экологиялық білім беру мен оқытудың мемлекеттік қолдау механизмдері, соның ішінде келесі қарастырылды:

ҚОҚ АТО қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында оқыту семинарларын өткізеді. Орталық Азияның өңірлік экологиялық орталығын (ОАӨЭО) тұрақты дамыту үшін білім беру бойынша субөңірлік желі жұмыс істейді, сондай-ақ ҰЕҰ және ОО экобілім беру бойынша жұмыс жүргізеді, оның ішінде ҰЕҰ экофорумы, Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының бердвочерлер клубтары желісі және т. б. жұмыстар шеңберінде.

Қазақстанда «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі қызмет етеді – үкіметтік емес сектордың мүддесін қорғайтын қоғамдық ұйым (ҚАА).

ҚАА Қазақстанның 500 астам ҰЕҰ 14 облыста, Астана және Алматы қалаларында ұсынылған 16 өңірлік желілік құрылымдар арқылы біріктіреді. Альянстың қызметі азаматтық қоғамды дамытуға және қоғам, билік және бизнес арасында тұрақты әрекеттесу мен серіктестікті қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 95-тармағына сәйкес білім және ғылым министрлігіне ЭГТРМ және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп мектептер мен ЖОО экологиялық тәрбиені арттыру бойынша практикалық шаралар әзірлеу тапсырылды».

Осы тапсырманы орындау үшін Білім және ғылым министрлігі 2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жалпы білім беретін мектептерде әр сыныпта жылына 17 сағат көлемінде сынып сағаттарын өткізеді.

Жаппай іс-шараларға төтенше жағдай мен карантин енгізілуіне байланысты жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында «Экологиялық сағат» онлайн жүргізілді.

Сондай-ақ ОК ережелерін іске асыруға Қазақстанда мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын болып табылатын 15 ОО қолдау көрсетеді. Қазақстандағы ОО халыққа экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ақпараттық және консультациялық көмекті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Орхус қозғалысы ОК нормаларының орындалу тиімділігін арттыруға жауапты және мүдделі әр түрлі тараптарды қамтиды: мемлекеттік органдар, ОО және азаматтық қоғам ұйымдары.

ЕҚЫҰ-ның Нұр-Сұлтандағы Бағдарламалар офисінің қолдауымен жыл сайын ЭГТРМ Қазақстанда ОК іске асыру бойынша проблемалық мәселелерді талқылау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырады.

2020 жылы 3 ақпанда ЭГТРМ алғаш рет барлық өңірлердегі экобелсенділермен, қоғамдық белсенділермен және еріктілермен кездесу өткізді. Кездесуде экологиялық сана, қалдықтардың түзілу көлемін азайту, экоерікті қозғалысы жайлы сұрақтар талқыланды.

Кездесу аясында, әрбір өңірде эко-амбассадорлар анықталды.

Экоамбассадорлар өңірлерде экологиялық бастамалар мен жобаларды табысты ілгерілетудің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұл ретте эко-амбассадорлардың қызметі қоғамдық және өзін-өзі реттейтін

болып қала береді.

Коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылар санының артуына және семинарлар, жиналыстар өткізуге тыйым салудың енгізілуіне байланысты (Бас санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 48 Қаулысы) 2020 жылы ережелерін іске асыруға тартылған ОО және үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) проблемалық мәселелері мен даму перспективаларын талқылау онлайн форматта ұйымдастырылды. Іс-шаралар ЕҚЫҰ-ның Нұр-Сұлтандағы Бағдарламалар офисінің және басқа да халықаралық ұйымдардың қолдауымен ҚОҚ АТО мен бірлесіп ЭГТРМ бастамасымен өткізілді. Экологиялық кодекс жобасын және заңға тәуелді актілер жобаларын талқылау да онлайн форматта өтті.

4-тармаққа қатысты:

Конституцияның 23-бабына сәйкес азаматтар бірлестіктер бостандығына құқылы. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңмен (1996 ж. 31 мамырдағы №3), «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңмен (2001 ж. 16 қаңтардағы № 142), Азаматтық кодекстің 34-бабымен реттеледі.

ҚР ЭК 14-бабында қоғамдық бірлестіктердің құқықтары белгіленген:

1) экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге және насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді қызметке ерікті негізде тартуға;

1-1) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделерінде сотқа жүгінуге;

2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындауға, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметіне қатысуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға;

4) экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге;

5) қоғамдық экологиялық сараптамаға және қоғамдық тыңдаулар өткізуге бастамашылық жасауға және оларды ұйымдастыруға;

6) қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға;

8) қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша заңнамада көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға;

9) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға;

10) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға;

11) жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге;

12) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап етуге;

13) қоршаған ортаны қорғау қорларын құруға құқығы бар.

Қоғамдық экологиялық кеңестің отырыстары өткізіледі (ҚОҚМ 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 2-п бұйрығы): 2016 жылғы 20 қаңтардағы отырыста Калачи және

Березовка кенттеріндегі экологиялық жағдай мәселелері талқыланды.

Үкімет қоғамдық бірлестіктерге қолдау көрсетеді. Салық кодексінің 134 бабына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша коммерциялық емес ұйымның кірісіне салық салынбайды. ҰЕҰ көмек көрсетуге бағытталған үкіметтің бірқатар қаулылары қабылданды.

- «ҚР тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидаларын бекіту туралы» мемлекеттер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін, салықтан босататын тауарлар, бұл қоғамдық сектордың жұмыс істеуіне қолайлы әсер етті;

- «Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы»;

- «Мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы» заңның 23-бабының 3-тармағының 2-тармақшасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілмейді;

«Қоғамдық кеңестер туралы» заңына сәйкес Энергетика министрлігі жанында отын-энергетика кешені және экология мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес жұмыс істеді. 2019 жылдың тамызында ЭГТРМ жанынан экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері жөнінде Қоғамдық кеңес құрылды (Министрдің м.а. 04.09.2019 ж. №20-П бұйрығы).

Қоғамдық кеңестің қызметі Конституциямен және қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

ЭГТРМ сайтында Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат және оның комиссия отырыстарының хаттамалары орналастырылған арнайы бөлім құрылды <http://ecogeo.gov.kz/ru>.

2020 жылдың 21 желтоқсанында Министрдің 2019 жылдың 4 қыркүйегіндегі №20-П бұйрығына өзгерістер енгізілді (Министрліктің 2020 жылғы 21 желтоқсанындағы №327-П бұйрығы), онда Қоғамдық кеңестің құрамындағы коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің саны 22-ден 31 дейін кеңейтілді.

Қоғамдық кеңес жанында келесі бағыттар бойынша 4 Комиссия қызмет атқарады: экология, бюджет, стратегиялық және нормативтік-құқықтық бағыттағы, геология және су ресурстары, орман, балық шаруашылығы және жануарлар дүниесі.

2020 жылы Қоғамдық кеңестің 2 отырысы өтті және Министрдің Қоғамдық кеңес алдындағы есебі өткізілді.

Екі жыл сайын Азаматтық форум өткізіліп тұрады.

2018 жылы 27-28 қарашада Астанада Тұңғыш президент, Ел басының қатысуымен «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Серіктестік. Сенім» тақырыбына Қазақстанның VIII Азаматтық форумы өтті. Азаматтық форум азаматтық қоғамның ағымдағы бейнесін көрсету және әлеуметтік бастамалардың үздік тәжірибелерін көрсету үшін екі жылда бір рет өткізіледі.

Іс-шараның мақсаты: азаматтық сектор, мемлекеттік органдар, бизнес-құрылымдар, халықаралық ұйымдар мен сарапшылар қауымдастығының ашық диалогын дамытуды ынталандыру.

Іс-шараны Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Қазақстанның Азаматтық Альянсы ұйымдастырды.

Форумның басты тақырыптарының бірі ТДМ енгізу мәселелері болды. Форум аясында 5 панельдік сессия өтті: «Адамдар», «Ғалам», «Өркендеу», «Әлем», «Серіктестік», олар БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарының құрамына кіретін нысаналы көрсеткіштердің тиісті топтарына қатысты.

7-тармаққа қатысты:

ҚР 30 халықаралық конвенциялар мен олардың хаттамаларының қатысушысы болып табылады, олардың қатарында БҰҰ биологиялық, су, химиялық, трансшекаралық конвенциялары, сондай-ақ климаттың өзгеруі мәселелері жөніндегі конвенциялар және т. б. бар. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында мемлекет аралық әріптестік механизмі ҚР ЭК 192-бабының 1-тармағына сәйкес орындалады. Мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ өкілдері халықаралық форумдарға және конференцияларға белсенді қатысады, халықаралық міндеттемелерді орындау туралы Ұлттық баяндамалар ұсынылады, халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға баға

жасалады және т.б.

Орталық Азияның Тұрақты даму бойынша мемлекет аралық комиссиясының Қоғамдық Кеңесі (ОА ТДМК), ОА жастар желісі ТДМК отырысында ұсынылатын құжаттарды дайындауға және талқылауға қатысады. Одан басқа Қазақстан мен Қырғызстан арасында Экспо конвенциясын орындау аясында трансшекаралық ҚОӘБ бойынша қоғамның қатысуымен трансшекаралық кеңестер тәжірибесі бар. Нұр-Сұлтандағы ЕЫҚҰ бағдарламалар кеңсесі, ПРООН, GIZ сияқты халықаралық ұйымдар Орхус конвенциясының ережелерін жүзеге асыруда сараптамалық және техникалық қолдау көрсетеді.

Халықаралық форумдарды өткізу туралы ақпарат ЭГТРМ, ОО веб-сайттарында және «Еуропаға арналған қоршаған орта» 8-ші Конференцияда орналастырылады, электрондық пошта арқылы жаңалықтар таратылады, БАҚ ақпараттандырады. ҮЕҰ өкілдері «Еуропаға арналған қоршаған орта» 8-ші Конференцияға белсенді қатысты (2016 жылғы 8-10 маусым, Батуми қ., Грузия)

8-тармаққа қатысты:

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес субъекттер және лауазымды тұлғалар міндетті:

1. жеке тұлғаларды, соның ішінде заңды тұлғалардың мүддесін танытушы тұлғаларды, олардың отбасы мүшелерін субъектілерге және лауазымды тұлғаларға олардың қызметін сынап не құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында өтініш беруіне байланысты қудалаудың жолын кесуге;

2. шағымдарды іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың қарауына жібермеуге;

3. оларға қатысты мәселені объективті шешуге мүдделілік білдірмейді деп пайымдауға негіз болған адамдарға тексеру жүргізуді жүктеу жағдайларын болғызбауға;

4. өтініш берген немесе оның мүддесі үшін өтініш берілген адамға жеке және заңды тұлғалардың зиян келтіретін өтінішіне жол бермеуге;

5. жеке тұлғалардың, соның ішінде заңды тұлғаның мүддесін танытушы тұлғалардың келісімінсіз олардың жеке өмірі туралы мәліметтерді немесе мемлекеттік не заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге; жеке тұлғаның жеке басы туралы өтінішке қатысы жоқ деректердің анықталуына жол бермеуге.

Журналисттер Волкович Анжелика (КТК ТА) және азаматтық белсенді Наталья Высоцкая 2017-2018 ж. әлеуметтік наразылықтарды АМТ зауытының ластануы заттарының экстремалды түсуінен кейін – «қара қар» деп аталатын, Теміртау қаласы қара шаңның қабығымен жабылған кезде басқарды. Наразылықтардың нәтижесінде Үкімет пен Президентке 8000-нан астам дауыс жиналып, өтініш берілді.

Осы петициялардың нәтижелерінің бірі кең қоғамдық резонанс және мемлекеттің Теміртау қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі жоспарды нақты іс-шаралармен және қаржыландыруды бөлуінде болды.

Билік пен олардың тікелей жұмыс берушілері ұйымдастырған жасырын қысымның нәтижесінде екі белсенді де бұрынғы жұмыс орындарынан бас тартып, нәтижесінде Қазақстаннан көшіп кетуге мәжбүр болды.

Экологиялық белсенді С. Войцеховтың әлеуметтік желілерге Арселор Миттал зауытының түнгі шығарындыларының шамадан тыс иісі туралы жүктелген бейне баяндарынан кейін, оны белгісіз адамдар ауыр сокқыға шығып ауыр дере жарақаттарын алған болатын, кейіннен Ютуте зауыттың ешқандай әсерінің жоқтығы және АМТ зауытына шағымдардың жоқтығы туралы жалған мойындама бейне хабарлама жасауға мәжбүр етті. 2019 жылдың жазында облыстық экологиялық прокуратура Войцеховтың мәлімдемесі бойынша зауыттың жылу электр станциясымен ластанған суларды рұқсатсыз көпжылдық ағызу фактісін растады және зауытты қауіпті қалдықтарды алып тастауға мәжбүрледі. АМТ зауыты С.Войцеховскийге қарсы дұшпандық әрекеттерін жалғастырып, өзі мүшесі болып табылатын Қарағанды облысы әкімі жанындағы қоршаған орта Кеңесінің ресми жұмыс тобының құрамында танысу сапарын жасау үшін зауыт аумағына кіруге жол бермейді.

Жұртшылық өкілдерін қудалау 2020 жылдың қыркүйек айында Степногор қаласында орын алды. Қала тұрғындары Балқашмаңынан әкелінген ПХД-қалдықтарды сақтауға қарсы шықты. ПХД-қалдықтарды уақытша сақтау мәселесін талқылау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кеңейтілген

отырысын өткізу кезінде Степногорск белсенділерінің «Престиж» Степногорск өңірлік газеті бас редакторының орынбасарының бірі Виктор Молодовскийге, өзінің экологиялық құқықтарын іске асыру жөніндегі қызметіне байланысты қысым көрсетті.

IV. 3-бапты жүзеге асыру кезінде туындаған кедергілер

3-баптың жоғарыда аталған тармақтарының кез келгенін орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді көрсетіңіз.

Жауап:

1. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 7-бабына сәйкес қызметтің аумақтық саласы бойынша қоғамдық бірлестіктер республикалық, өңірлік және жергілікті болып бөлінеді. Тәжірибеде аумақтық бөліну нақты қоғамдық бірлестіктің экологиялық құқықтар көлемін шектемейді.
2. 2018-2020 жылдарға Қазақстандағы Орхус қозғалысын дамыту жоспарын дайындауға қарамастан Орхус қозғалысы баяу дамып келеді. Басты себеп жеткіліксіз қаржыландыру, немесе қаржылық қаражаттың болмауы.
3. БҰҰ Арнайы баяндамашысына құқық қорғаушылардың жағдайы туралы мәселе бойынша өтініш жолданды. Орхус конвенциясының хатшылығына өтініш берілді, бұл жағдайда мемлекеттік органдар 3.8-бапты бұзды, оған сәйкес экологиялық белсенділерді олардың қызметі үшін қудалауға тыйым салынады.

V. 3-баптың жалпы ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

3-баптың жалпы ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз.

Жауап: ОК жүзеге асырудың басты артықшылығы бар бағыттары:

- МЭАҚ жүргізу;
- ақпаратқа рұқсатты қамтамасыз ету;
- «Экологиялық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік қызметпен қамтамасыз ету;
- ЛШТМТ жүргізу;
- шешімдерді қабылдау процесінде қоғамның қатысуы;
- қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қолжеткізу;
- ОО дамыту болып табылады.

2009 жылы басты қызметі мемлекеттік қызмет арқылы сұратулар бойынша экологиялық ақпаратты ұсыну болып табылатын МЭАҚ құрылды.

Қазақстанда 15 Өңірлік ОО әрекет етеді.

2015 жылғы 16 қарашада әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген әдіспен ақпаратты ерікті алуға және таратуға конституциялық құқығын жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңы қабылданды.

Ақпаратқа қол жеткізуге құқық заңдармен ғана және конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқығы мен бостандығын, тұрғындардың денсаулығы мен өнегелігін қорғау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін (5-бап).

Жоғарыда аталған Заңның 6-бабына сәйкес келесі ақпаратқа қол жеткізу шектеуге жатпайды:

- 1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;
- 2) денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;
- 3) экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;
- 4) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;
- 5) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын;
- 6) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуды туралы;
- 7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы;
- 8) ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы.
- 9) диффармация саласындағы құқықтық актілер – мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін реттеуші нормалар.

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Заңның 8-бабына сәйкес, нақты кәсіпорынның шығарындылары, тастандылары және орналастырылатын қалдықтары туралы статистикалық мәліметтерді алу қоғамға ұсынылмайды. Алайда ЭК 1-дәрежелі кәсіпорындар үшін ЛШТМТ жүргізу бойынша жаңа норманы енгізу (160-бап) қоршаған ортаға нақты жыл сайынғы эмиссиялар бойынша рұқсатты ашуға мүмкіндік берді. 2017 жылдан бастап қоғамға нақты эмиссиялар туралы деректерден басқа келесі ақпарат қолжетімді болады:

- табиғат пайдаланушының атауын, мекенжайын және қызмет түрі;
- берілген экологиялық рұқсаттың электрондық нұсқасы;
- өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының және экологиялық мониторинг есептерінің, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарының электрондық нұсқасын;
- мемлекеттік экологиялық бақылаудың тексеру нәтижелері;
- бюджетке қоршаған ортаға эмиссиялар үшін, оның ішінде белгіленген нормативтерден тыс міндетті төлемақылар туралы мәліметтер, соның ішінде артық белгіленген нормативтер.

2. Болашақ шығарындылар (тастандылардың) масштабын бағалау үшін қондырғының қуаты, шикізат базасы, жұмыс ауысымдарының саны, табиғатты қорғау шараларын қаржыландыру және т.б. туралы деректерді қолдану қажет. Бұл ақпарат қоршаған орта жағдайына немесе ластану ауқымына қатысты емес. Аталған деректер Азаматтық кодекстің (АК) 126-бабына сәйкес коммерциялық құпияға жатуы мүмкін. Сондықтан қоғамға ақпаратты ұсыну мәселелері үнемі туындап тұрады, бұл ретте кәсіпорынның әрекеттері заңды негізде орындалады. 2016 жылы Экологиялық кодекске өзгерістер енгізілді және МЭАҚ ақпарат құрамына мемлекеттік қызмет көрсету аясында ұсынылатын ҚОӘБ материалдардан тұрады.

3-тармаққа қатысты.

Жыл сайын ҚОҚ АТО ұйымдастыратын курстарда экологиялық заңнама және құқық қолдану тақырыптарында ҰЕҰ, БАҚ өкілдері, ЖОО және колледж оқытушылары тегін негізде оқиды.

Курстарды өткізу жайлы ақпарат ЭГТРМ, ҚОҚ АТО веб-сайттарында және «Қазақстан экологиясы» газетінде жарияланады.

2018, -2020 жылдар аралығында тегін негізде 105 адам оқытылды, 2021, 2022 жылдары 110, 115 адам оқыту жоспарлануда.

VI. 3-бапты орындауға қатысты веб-сайттардың мекенжайлары

Сәйкес веб-сайттардың мекенжайларын көрсетіңіз, егер ондайлар болса:

www.e.gov.kz, www.ecogeo.gov.kz, www.carecnet.org, www.ecogosfond.kz,
www.iacoos.kz, www.zakon.kz, www.adilet.zan.kz .

VII. Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты 4-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шаралар

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты 4-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды атаңыз.

4-баптың әр тармағының ережелері қалай орындалатынын түсіндіріңіз. 2-баптағы және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талаптан тұратын сәйкес анықтамалар ұлттық тасымалданатынын көрсетіңіз. Сонымен қатар, атап айтқанда келесіні сипаттаңыз:

- a) **1-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету үшін қабылданатын шаралар:
 - i. Өз мүддесін тұжырымдау қажеттілігісіз ақпаратқа қол жеткізе алатын кез келген тұлға;
 - ii. Сұралған ақпараттан тұратын немесе бар нақты құжаттаманың көшірмелері ұсынылса;
 - iii. Ақпарат сұралған үлгіде ұсынылды;

b) **2-тармақта** көзделген мерзімдер сақталу үшін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар;

- c) **3 және 4 тармақтарға** қатысты – қабылданған шаралар:
 - i. Сұратулар бойынша ақпаратты ұсыну туралы талаптан ерекшеліктер көзделу үшін;
 - ii. 4-тармақтың соңында айтылған қоғам мүддесінің белгілерін қолдануды қамтамасыз ету үшін;

d) 5-тармаққа қатысты - **тармақтарға** қатысты – сұралған экологиялық ақпаратқа ие емес мемлекеттік орган қажетті әрекеттерді қабылдауды қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

e) **6- тармақтарға** қатысты – сәйкес ақпарат бөліміне және ақпаратты ұсынуға қатысты талапты орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

f) **7- тармақтарға** қатысты – ақпаратты ұсырудан бас тартулар белгіленген мерзімде және осындай бас тартуға қатысты басқа талаптарды сақтаумен берілуін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

g) **8- тармақтарға** қатысты – төлем алуға қатысты талаптарды сақтауды қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар.

Жауап:

1-тармаққа қатысты:

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді реттейтін Негізгі құжаттар Экологиялық Кодекс (159-167-6.21-тарауы), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң, «Ақпараттандыру туралы» заң, «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (2020 жылғы 2 маусымдағы № 130 бұйрығы) болып табылады. Экологиялық кодекстің 164-бабының 4-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалар сұралған үлгіде экологиялық ақпаратты басқа үлгіде ұсынуға негіз болмаса алуға құқылы.

«Ақпаратқа қол жеткізу» заңына сәйкес жұртшылық ақпаратты алу қажеттілігін негіздемеуі мүмкін.

«Ақпараттандыру туралы» Заңның 27-бабына сәйкес электрондық қызмет көрсету мемлекеттік органдармен немесе «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өздігінен көрсетіледі.

ҚОӘБ жосығына және көзделген шаруашылық және өзге қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа рұқсат ету ережелері әрекет етеді (ҚОҚМ 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-п бұйрық).

Қазақстанның заңнамасына мемлекеттік органдар тарапынан ақпаратты

ұсынуға байланысты өз мүддесін қалыптастыруға қандай да бір талаптарды шығару көзделмеген.

2013 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратқа тең қол жеткізу үшін ҚООМ «Экологиялық ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметін ұсынды.

2014 жылғы шілдеден бастап қордан экологиялық ақпаратты ұсыну азаматтардың барлық санаттарына және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетілетін мемлекеттік қызмет арқылы орындалады. Соның негізінде халыққа мыңнан астам ақпарат берілді.

2-тармаққа қатысты:

Мемлекеттік органдармен қоғамның экологиялық ақпаратқа сұратуларын қарау жосығы және мерзімі «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңымен (11-бап) реттеледі: «Жазбаша сұратуға жауап он бес күнтізбелік күн ішінде беріледі.

Жазбаша сұратуға жауап қағаз және (немесе) электронды түрде өтініш жасалған тілде ұсынылады (ақпаратты пайдаланушының таңдауы бойынша). Ауызша сұратуға жауап ауызша түрде жүтінген тілде ұсынылады.

Мемлекеттік органдарға жасалған барлық өтініштер «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңына сәйкес жасалады, осы Заңның 8-бабымен өтініштерді қараудың келесі мерзімдері көзделген:

1. Қарау үшін басқа субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алуды немесе орынға шығып тексеруді қажет етпейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші 15 күнтізбелік күн ішінде қаралады.

2. Қарау үшін басқа субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алуды немесе орынға шығып тексеруді қажет ететін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші қаралады және ол бойынша шешім субъектіге, лауазымды тұлғаға өтініш түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу керек болатын жағдайларда қарау мерзімі 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, ол туралы өтініш берушіге қарау мерзімін ұзарту күнінен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

«Ақпараттандыру туралы» заңының 35-бабына сәйкес ақпараттық ресурстары шектеулі рұқсаттағы электрондық ақпараттық ресурстардан басқасы жалпыға ортақ болып табылады.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 10-бабына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу келесі әдістермен қамтамасыз етіледі:

- 1) сұрау салу бойынша ақпаратты беру;
- 2) ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру;
- 3) Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қол жеткізуді және Парламент Палаталарының ашық отырыстарын, оның ішінде бірлескен отырыстарын, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;
- 4) орталық атқарушы органдар (Қорғаныс министрлігін қоспағанда) басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;
- 5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;
- 6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 7) ақпаратты «электрондық үкімет» веб-порталының тиісті құрамдастарында орналастыру;
- 8) Заңнамасда тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

Мемлекеттік органдар жалпыға ортақ мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды мемлекеттік және орыс тілдерінде құруды қамтамасыз етеді.

Рұқсаты шектеулі электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу шарттары мен тәртібі заңнамамен және аталған ресурстардың меншік иесімен, соның ішінде электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелері арасында келісімдер жасау жолымен анықталды.

Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу келесі әдістердің бірімен орындалады:

- 1) электрондық поштаны қолданумен және сәйкестендіру нөмірін

көрсетумен немесе электрондық сандық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде немесе электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен немесе иесімен белгіленген басқа әдістермен электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу бойынша ақпараттық жүйенің меншік иесіне немесе иесіне сұрау салу жолымен;

2) төтенше жағдайлар, табиғи және техногендік апаттар, ауа райы, санитариялық-эпидемиологиялық және азаматтардың, елді мекендер мен өндірістік объектілердің тыныс-тіршілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де жағдайлар туралы мәліметтер;

3) Мемлекеттік органдардың қызметі туралы ресми мәліметтер;

4) мемлекеттік органдардың, кітапханалардың, мұрағаттар мен өзге ұйымдардың ашық ақпараттық жүйелерінде жиналатын мәліметтер.

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, жарғылық капиталында мемлекет қатысатын заңды тұлғалар жеке және заңды тұлғаларға ашық мәліметтерді қазақ және орыс тілдерінде ашық мәліметтердің интернет-порталы арқылы ұсынуға міндетті.

Ашық мәліметтердің интернет-порталының қазақ және орыс тілдерінде қызмет етуін қамтамасыз етуді «электрондық үкіметтің» сервистік ықпалдастырушысы атқарады.

Сұрау салуға жауаптар сұрау салуда айтылған үлгіге сәйкес ұсынылуы тиіс. Олай болмаса, сұрау салу үлгісі анықталмаған болса онда «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңның 16-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша түрде және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның 15-бабының 4-тармағына сәйкес – жазбаша түрде немесе электрондық құжат түрінде ұсынылады.

3 және 4 тармақтарға қатысты:

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 11-бабы 16-тармағына сәйкес ақпаратқа қол жеткізуден:

1) егер сұрау салу мазмұны сұралатын ақпаратты анықтауға мүмкіндік бермесе;

2) егер сұрау салу осы заңның талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер сұралатын ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылса;

4) егер сұрау салуда ақпарат иеленуші қабылдаған актілерді құқықтық бағалау, ақпарат иеленушінің не оған ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдардың қызметіне талдау жүргізу немесе өзге де талдамалық жұмысты жүргізу аяқталғанға дейін ол туралы мәселе қойылса;

5) мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілетін тексерулер нәтижелері бойынша шешімдер қабылданғанға дейін;

6) ведомствоаралық және ведомствоішілік хат-хабар алмасу негізінде немесе мемлекеттік органдардағы кеңестер негізінде тұжырымдалатын түпкілікті шешімдер қабылданғанға дейін;

7) шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңының 5-бабына сәйкес анонимді өтініштер және мәселенің мәні баяндалмаған өтініштер қарауға жатпайды.

Қол жеткізуге шектеу қойылған мәліметтерге және деректерге қатысты экологиялық ақпаратты алудан бас тарту келесі заңнамалық актілеріне негізделген: Азаматтық кодекс (коммерциялық құпия және зияткерлік құқықты қорғау), Қылмыстық-процестік кодекс (жедел-іздіксіз қызметінің, анықтау және алдын ала тергеу құпиясы), «Ақпараттандыру туралы» Заң (жеке өмірге қол сұқпаушылықты бұзу), «Мемлекеттік статистика туралы» Заң (2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV). (Респондентті тікелей немесе жанама анықтауға немесе ол туралы бастапқы статистикалық деректерді анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық ақпарат және мәліметтер қорлары құпия болып табылады және респонденттің келісімі болған жағдайда ғана таратылуы мүмкін).

5-тармаққа қатысты:

ЭК 165-бабының 4-тармағына сәйкес сұралған экологиялық ақпаратқа ие болып табылмайтын мемлекеттік орган заңнамамен белгіленген мерзімде құзырлы мемлекеттік органға сұрау салуды жолдайды.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңға сәйкес сұралған ақпарат

бірнеше ақпарат иелерінің құзыретіне кірсе және жазбаша сұрау салуға жауап берген кезде оның басқа иелерінен ақпарат алуды талап етеді. Қарау мерзімі ақпарат иесінің басшысымен бір рет он бес күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін, ол туралы ақпарат пайдаланушысына қарау мерзімін ұзарту күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

Құзыретіне сұралған ақпаратты ұсыну кірмейтін ақпарат иесіне түскен жазбаша сұрау салу сұрау салу түскен күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей сұрау салған ақпарат пайдаланушысына бір уақытта хабарлама жіберумен сәйкес ақпарат иесіне жолданады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның 7-бабының 6-тармағына сәйкес өтініштерде қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін сәйкес субъектілерге өтініш берушіге хабарлаумен үш жұмыс күннен кешіктірмей қайта жолдау талап етіледі. Аталған талаптар ірі кәсіпкерлік субъектілеріне таралмайды.

6-тармаққа қатысты:

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 8-бабына сәйкес статистикалық деректер құпия болып табылады және мемлекеттік статистика органдарымен статистикалық ақпарат өндірісінің мақсатында ғана қолданылады. Бастапқы статистикалық деректердің құпиялығы оларды жинау, өңдеу және сақтау кезінде қамтамасыз етіледі. Алайда «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын дерекқордағы мынадай мәліметтер:

- 1) жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы;
- 2) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша экономикалық қызмет түрі;
- 3) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптауышы бойынша коды;
- 4) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 5) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы бойынша коды;
- 6) заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыскерлер саны жөніндегі мөлшерлік сыныптауышы бойынша коды;
- 7) Кәсіпкерлік кодекске сәйкес жалпыға қолжетімді ақпаратқа жататын респонденттер туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

Сол сияқты 26-бапқа сәйкес ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді.

7-тармаққа қатысты:

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңға сәйкес жазбаша сұрау салу бойынша ақпаратты ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап ақпаратты пайдаланушының қаперіне сұрау салуды тіркеген күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде жеткізіледі.

8-тармаққа қатысты:

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11-бабына сәйкес егер жазбаша сұрау салуға жауап көшірме жасауды немесе басып шығаруды көздейтін болса, онда ақпарат пайдаланушы ақпарат иеленушінің көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсаған нақты шығындарын өтеуге міндетті.

Көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін Үкімет айқындайды. Көшірме жасауға немесе басып шығаруға арналған тарифтер және оларды төлеу тәртібі бүкіл республика аумағына таратылатын мерзімді баспасөз

басылымдарында міндетті түрде жариялануға және ақпарат иеленушілердің интернет-ресурстарында орналастырылуға тиіс.

Көшіру немесе басып шығаруға жұмсалған нақты шығындарды төлеуден әлеуметтік осал тұрғындар Үкіметпен анықталатын тәртіпте босатылады, атап айтқанда:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері және қатысушылары;
- 2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері және қатысушыларына теңестірілген тұлғалар;
- 3) 1 және 2 топ мүгедектері;
- 4) мүгедек балаларды асырап отырған немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;
- 5) Үкіметпен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түріне шалдыққан тұлғалар;
- 6) жасы бойынша зейнеткерлер;
- 7) жиырма тоғызға толмаған, ата-анасынан кәмелет жасқа дейін айырылған, ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар және жетім балалар (мұндай тұлғаларды әскери қызметке шақыртқан кезде жасы шұғыл әскери қызметтен өту мерзімі ұзартылады);
- 8) оралмандар;
- 9) экологиялық апаттар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде баспанасынан айырылған тұлғалар;
- 10) көп балалы отбасылар;
- 11) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшқанда немесе дайындалған кезде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қайтыс болған (қаза болған) тұлғалардың отбасылары;
- 12) толық емес отбасылар.

Қазіргі кезде интернетте келесіге қол жеткізу қамтамасыз етілген:

- табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларына;
- МЭАҚ тізілімдеріне;
- «экоинфоправо» нормативтік-құқықтық қорына;
- ЛШТМТ тізіліміне;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына
- мониторингтің экологиялық индикаторлары мен қоршаған ортаны бағалауға;
- ресми статистикалық ақпарат (экономика салалары бойынша).

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 18-бабына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа азаматқа сәйкес лауазымды тұлғамен немесе органмен шешімді қабылдау немесе әрекетті орындау туралы белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірмей шағым жасалуы мүмкін. Шағым жасау үшін өтіп кеткен мерзім мемлекеттік орган немесе лауазымды адам не сот үшін шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болуы мүмкін.

Аталған құқықтық нормалардың талдауы қолданыстағы заңнаманың жалпы ОК 4-бабының ережелеріне сәйкес екенін көрсетеді.

VIII. 4-бапты орындау кезінде туындаған кедергілер

4-баптың кез келген тармағындағы ережелерді орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді атаңыз.

Жауап:

Кәсіпорындармен Статистика комитетіне нақты шығарындылар, тастандылар мен туындаған қалдықтардың нақты көлемі туралы ұсынылған ақпараттың құпиялығы;

Заңды тұлғалардың нақты мәліметтер ұсынуға ниетінің болмауы.

IX. 4-бап ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

Ақпаратқа қол жеткізуге қатысты, мысалы, берілген сұрау салу, бас тарту санына және осындай бас тарту үшін негіздерге қатысты қандай да бір статистикалық деректер бар не жоқтығы туралы 4-баптың ережелерін тәжірибелік қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз.

Жауап: Веб-сайтта Министрдің блогы орналастырылған, ол арқылы Министрге сұрақ қойуға және жауап алуға болады.

Экологиялық ақпаратты ҚОҚ АТО негізінде әрекет ететін МЭАҚ «Экологиялық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік қызмет арқылы алуға болады (ҚОҚМ 2009 жылғы 13 қазандағы №243-ө бұйрығы). Біріңғай экологиялық интернет-ресурста www.ecogofond.kz экологиялық ақпарат тізілімдері, ақпаратты алуға өтінім түрлері, жауапты тұлғалардың байланыс телефондары мен тегтері орналасқан.

Сол сияқты біріңғай экологиялық интернет-ресурста келесі сайттар біріктірілген:

- ҚР ОК жүзеге асыру;
- МЭАҚ;
- «ЭкоИнфоПраво» нормативтік-құқықтық қор;
- ЛШТМТ.

Бас Прокуратура Құқықтық статистика комитетімен азаматтардың берген өтініштері бойынша біріңғай есеп жүргізледі, www.pravstat.prokuror.kz сайтында түрлі министрліктер мен ведомстволардың құқықтық статистикасы ұсынылады.

Сот органдарының бір қатар істерінде дұрыс экологиялық ақпаратты ұсыну бойынша экологиялық ұйымдардың ізделетін талаптарын түсіну мәселелері туындады. Көптеген жағдайларда сот талқыларының қорытындысы бас тарту болды. Сұралатын ақпарат сол күйі берілмеді.

1. Сұратылған экологиялық ақпаратты ұсынбаған «Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-нің іс-әрекеттерін заңсыз деп тану туралы істі талқылау оң нәтижесінің мысалы ретінде санауға болады. Өтініш 2017 жылғы 2 қарашада Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына белгісіз тұлғалар тобы мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін берілді.
Экологиялық ақпаратты ұсынбаған «Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-нің іс-әрекетін заңсыз деп тану туралы және Басқармаға Кимасар өзенінің арнасын қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізудің заңдылығына қатысты сұратылған экологиялық ақпаратты ЭО беру міндетін жүктеу туралы талаптар қойылды. 20 желтоқсан күні сот өтініш берушінің талаптарын қанағаттандыру туралы шешім шығарды.
2. 2018 жылы 21 мамырдағы К... азаматша және басқа да Алматы қаласы Түркісіб ауданының Великолукск көшесінің тұрғындарының «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» КММ басшысының атына жазылған өтініші, мәні бойынша қарау үшін «Алматы қ. Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ (бұдан әрі - Басқарма) жолданған іс. 4 шілдеде азаматша К ... Басқармадан, сұралған мекен-жай бойынша жер телімі меншік құқығында У... тиесілі нысаналы мақсаты – тұрғын емес үй-жай,

коммерциялық аймақта орналасқандығы жайлы жауап алды. «Алматы қаласының сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ ресми жауабына сәйкес, жоғарыда аталған жер учаскесі, схема және Алматы қаласы мәжілісінің шешіміне сілтеме бере отырып тұрғын аймақта орналасқандығы жазылған. Мемлекеттік органдар жауаптарының қарама-қайшылықтарына байланысты 2018 жылы 14 қыркүйекте сотқа арыз берілді. Жауапкер ретінде «Алматы қаласының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» КММ тартылды.

3. 2004 жылы құлаған Іле-Алатау ұлттық паркі аумағындағы Бутаков шатқалындағы қараусыз қалған спорт кешеніне қатысты іс. Қирандылар адамдарға қауіп төндіреді, ұлттық парктің экологиялық жүйелеріне зиян келтіреді және өрт қаупін арттырады.

ЭО бұл туралы Алматы қаласының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына сауал жолданған болатын. Мақсаты қирандыларды бұзу және шатқалдағы экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру үшін қабылданған шараларды анықтау болды. Өтініш 2017 жылғы 5 қазанда Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына белгісіз тұлғалар тобы мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін берілді.

Қорытынды. Наурызда бірнеше отырыстардан кейін басқарма Жоғарғы Сотқа заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы кассациялық тәртіппен өтініш жіберді. 28 мамырда Жоғарғы Соттың соты өтінішхатты алдын ала қарап, оны Жоғарғы Соттың кассациялық сатысының қарауына беруден бас тартты. Қаулыда: «Апелляциялық сатыдағы сот экологиялық қоғамның сұратуы бойынша Басқарма берген жауапты заңнама талаптарына сәйкес деп тануға болмайды деген дұрыс тұжырымға келді, өйткені 2017 жылғы 14 шілдедегі №02.1-04/ЗТ-К-136 жауапта сұралып отырған мәселе бойынша толық және дұрыс ақпарат жоқ, сондай-ақ өтініш нысанына жатпайды» деп көрсетіледі. Істі қарау аяқталды. Атқарушылық іс жүргізу жалғасуда.

4. Жергілікті тұрғындардың өтініші бойынша «Жасыл құтқару» ЭО «У...» ЖШС кәсіпорынының құрғақ цемент шығарындыларына байланысты Алматы қаласының қоғамдық денсаулық қорғау департаментіне «У...» ЖШС берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны ұсыну туралы өтінішпен жүгіну ісі. Департамент санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды коммерциялық құпия болып табылатындығына байланысты ЭО ақпарат беруден бас тартты. Өтініш 2017 жылғы 26 қазанда Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына белгісіз тұлғалар тобы мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін берілді.

Алқа барлық талқылаулардың қорытындысы бойынша: «Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 15 ақпандағы шешімі» іс бойынша өзгертілсін деп қаулы етті. «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті» ММ іс-әрекеттерінің заңсыздығын тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту бөлігінде сот шешімінің күші жойылсын. Осы бөлімде мәлімдемені қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын».

Санитарлық-эпидемиологиялық қортынды көшірмелерін ұсынбаған Департаменттің әрекеті заңсыз деп танылсын.

Департаментке қоғамдық бірлестіктің құқықтары мен мүдделерінің жол берілген бұзушылықтарын жою міндеттелсін.

12 маусымда Алматы қаласының ААЭС сот шешімін мәжбүрлеп орындату үшін атқару парағын берді. Істі қарау аяқталды. Атқарушылық іс жүргізу жалғасуда.

5. Белгілі бір ақпараттың пайда болу көзін әдейі дұрыс көрсетпеу жағдайлары да кездеседі. Мұндай жағдайдың мысалы болып, 2018 жылы экологиялық ұйымға терминнің авторлығы берілді, алайда олар оның ілгерілеуіне қатысты ешқандай әрекет жасамады. Іс «нөлдік» құрылыс нұсқасы термині айналымға енгізіліп, «Жасыл

құтқару» ЭО өкілдерінің өтініштері мен сөздерінің арқасында емес, Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген жоғарыда аталған Нұсқаулықтың қолданыстағы нормасының арқасында пайда болды.

Өтініш 2018 жылы 10 желтоқсанда берілді. 30 маусымға дейін борышкер нақты ақпарат берген жоқ. Атқарушылық құжатты орындамаудың себебі борышкердің 2019 жылы 13 наурыздағы ақпаратты ұсынуы болып табылады. Экологиялық қоғам борышкердің 13 наурыздағы жауабын сенімді ақпарат ретінде қабылдай алмайды, себебі басқарма хатында Алматы қ. ААЭС шешіміне сілтеме жоқ.

Үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын деректер бойынша толық емес және (немесе) дұрыс емес экологиялық ақпаратты ұсыну жағдайлары кездеседі. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің жалған ақпарат беруіне және заңнаманы еркін түсіндіруіне байланысты ЭО Қоғамдық денсаулық сақтау комитетіне түсініктеме алу үшін жүгінді. Комитетке қойылған сұрақтар өнеркәсіптік объектілердің қауіптілік класын анықтау және өзгерту рәсімдеріне қатысты болды. Комитет қойылған бес сұрақтың төртеуін елемеді, ал бесіншісіне негізсіз жауап берді.

X. 4-бапты орындауға қатысты веб -сайттардың мекен-жайлары

Сәйкес веб сайттар болса, олардың мекен-жайларын көрсетіңіз:

www.akorda.kz, , www.carecnet.org, www.pravstat.prokuror.kz, www.sud.gov.kz, www.osce.org/nur-sultan, www.esgrs.org/, blogs.egov.kz, www.gov.kz, www.iacoos.kz.

XI. Экологиялық ақпаратты жинауға және таратуға қатысты 5-бап ережелерін орындауға байланысты заңнамалық, нормативтік және басқа шаралар

Экологиялық ақпаратты жинауға және таратуға қатысты 5-бап ережелерін орындауға байланысты заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды атаңыз.

5-баптың әр тармағындағы ережелер қалай орындалатынын түсіндіріңіз.

2-баптағы сәйкес анықтамалар және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талап қалай тасымалданатынын көрсетіңіз. Сонымен қатар атап айтқанда келесіні сипаттаңыз:

а) **1-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар:

- i. Мемлекеттік органдар экологиялық ақпаратқа ие болған және оларды жаңартқан;
- ii. Мемлекеттік органдарға ақпараттың тиісті түсуіне кепіл берілген;
- iii. Төтенше жағдайлар кезінде сәйкес ақпарат шұғыл және кедергісіз таралған.

б) **2-тармаққа қатысты** – мемлекеттік органдармен қоғамға экологиялық ақпаратты ұсыну және экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді шынайы

қамтамасы ету бойынша ашықтығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар;

с) **3-тармаққа** қатысты – қоғамға көпшілік байланыс желілері арқылы қолжетімді болып табылатын электрондық дерекқорлардағы экологиялық ақпараттың көлемін біртіндеп арттыруды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар;

д) **4-тармаққа** қатысты – ҚОҚҰБ жариялау және тарату үшін қабылданған шаралар,

е) **5-тармақта** аталған ақпаратты тарату үшін қабылданған шаралар;

ф) **6-тармаққа** қатысты – қызметі қоршаған ортаға маңызды әсер ететін, олар қоғамға олардың қызметі және өнімдер қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы үнемі ақпарат беріп отыру үшін операторларды ынталандыруға бағытталып, қабылданған шаралар;

г) **7-тармаққа** сәйкес талап етілетін ақпаратты жариялау және ұсыну үшін қабылданған шаралар;

h) **8-тармаққа** қатысты – қоғамға өнімдер туралы жеткілікті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету мақсатында механизмдерді өңдеу үшін қабылданған шаралар;

і) **9-тармаққа** қатысты – жалпы ұлттық кадастрлар жүйесін немесе лаптаушылар тізілімдерін құру үшін қабылданған шаралар.

Жауап:

1-тармаққа қатысты:

Жалпы ОК 5-бабы бойынша халықаралық міндеттемелерді орындау үшін құқықтық қор құрылған. Конституцияның 4-бабының 4-тармағына сәйкес : «Республика қатысушысы болып табылатын барлық заңдар, халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, еріктігіне және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады».

2015 жылғы 16 қарашада «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң шықты. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 6-бабына сәйкес экология, өрт қауіпсіздігі, сонымен қатар санитарлық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы ақпаратқа қол жеткізуге шектеу қойылмайды.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 10-бабына сәйкес Ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

- 1) сұрау салу бойынша ақпаратты беру;
- 2) ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру;
- 3) Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қол жеткізуді және Парламент Палаталарының ашық отырыстарын, оның ішінде бірлескен отырыстарын, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;
- 4) орталық атқарушы органдар (Қорғаныс министрлігін қоспағанда) басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;
- 5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;
- 6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 7) ақпаратты "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында орналастыру;
- 8) Заңнамада тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

ЭК 161-бабына сәйкес МЭАҚ экологиялық ақпаратты жинауды, есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады.

МЭАҚ құрамына: табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастры; ЛШТМТ тізілімі және өзге де экологиялық ақпарат тізілімдері; экологиялық қауіпті өндірістер тізімі; экологиялық мониторинг мәліметтері; ҚОӘБ және мемлекеттік

экологиялық сараптама материалдары; қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар және басқалар кіреді;

2-тармаққа қатысты:

«Электрондық үкіметтің» жұмысы сол сияқты экологиялық ақпаратты қоғамға ұсынуға ықпал етеді.

«Ақпараттандыру туралы» Заңы (2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V) - ақпараттандыру саласында қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің екі мақсаты бар. Біріншіден – бұл ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамуын қамтамасыз ету, екіншіден – әлеуметтік және экономикалық дамуды ақпараттық қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісінде жергілікті құрамды дамыту үшін жағдайлар жасау.

Ақпараттандыру саласында қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің қағидалары:

- мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттан тұратын электрондық ақпараттық ресурстарға (ашықтық презумциясы) ерікті қол жеткізуді қамтамасыз ету, және заңнамаға сәйкес қол жеткізуге шектеу қойылған электрондық ақпараттық ресурстардан басқаларын міндетті түрде оларды ұсыну;
- Заңдармен оларды көпшілікке жариялаудың міндетті сипаты немесе мемлекеттік органдармен ұсыну белгіленген электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну уақыттығы, объективтілігі, толықтығы және дұрыстығы;
- Заңнамаға сәйкес кез келген электрондық ақпараттық ресурстарды іздеу, қалыптастыру және табыстау бостандығы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кезінде тұлғаның, қоғамның және мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сол сияқты «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 16-бабына сәйкес ақпарат иеленушілер интернет-ресурс құрады және мемлекеттік органдардың біріңғай платформасына келесі ақпаратты орналастырады:

- ақпарат иеленушілердің ұйымдық құрылымын, олардың басшылары туралы мәліметтерді;
- ақпарат иеленушілердің қызметі туралы ресми жаңалықтарды (баспасөз релиздерін);
- ақпарат иеленушілердің қызметінде болатын алдағы оқиғалардың ресми күнтізбелерін;
- ақпарат иеленушілердің басшылары мен олардың орынбасарларының ресми сөйлеген сөздерінің және ресми мәлімдемелерінің мәтіндерін;
- мемлекеттік және салалық бағдарламалар, тұжырымдамалар, доктриналар, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен жоспарлары, стратегиялық жоспарлар, тиісті саланы дамытудың стратегиялары мен жоспарлары, нысаналы бағдарламалардың және тұжырымдамалардың жобалары туралы мәліметтерді; ақпарат иеленуші жұмыс органы болып табылатын консультативтік-кеңесші органдардың (кеңестердің, комиссиялардың) қызметі туралы ақпаратты; республикалық және жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор қаражаттарының пайдаланылуы туралы ақпаратты;
- ақпарат иеленушінің нысаналы және өзге де бағдарламаларға, халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы туралы ақпараттық хабарларды;
- мемлекеттік орган, оның аумақтық органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органы, ведомстволық бағынысты ұйымдар өз құзыреті шегінде жүргізген тексерулер нәтижелері туралы, сондай-ақ мемлекеттік органда, оның аумақтық органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органында, ведомстволық бағынысты ұйымдарда жүргізілген тексерулер нәтижелері туралы ақпараттық хабарларды;
- атқарылған жұмыс туралы есептер мен баяндамаларды;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік саясатты іске

асыру жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау қорытындыларын;

- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын қоғамдық бағалау нәтижелерін;
- ақпарат иеленуші қабылдаған және қол қойылған телнұсқаларға толық сәйкестікте қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді;
- ақпарат иеленуші әзірлейтін нормативтік құқықтық актілер жобаларының мәтіндерін, сондай-ақ түсіндірме жазбаларды, салыстырма кестелерді, ғылыми сараптамалардың қорытындыларын және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сараптама қорытындыларын;
- сонымен қатар өзге де материалдар.

2017 жылы ОО, МЭАҚ сайттары, «ЭкоИнфоПраво» қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңды дерекқор сайттары www.ecogofond.kz Бірыңғай экологиялық интернет ресурсқа біріктірілді. www.ecogofond.kz Бірыңғай экологиялық интернет ресурсының ОК жүзеге асыру бөлімінде экологиялық ақпарат тізілімдері орналастырылған.

3-тармаққа қатысты

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарымен 1 мақсатты индикатор белгіленген:

МЭАҚ деректер базасынан экологиялық ақпаратты тарату деңгейі 2020-2024 жылы 0,21% дан 0,25 дейін. **4-тармаққа қатысты:**

Тұрғындарды республика аумағындағы нақты экологиялық жағдай және оны жақсарту бойынша қабылданатын шаралар туралы жыл сайын ақпарат алу мақсатында, Мемлекеттік органдардың интернет ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП)) (www.gov.kz), ЭГТРМ бөлімінде және <http://ecogofond.kz/> Бірыңғай интернет ресурстарында ҚОҚҰБ орналастырылған. Тұрғындардың ақпараттық әрекеттесуін кеңейту және хабардар болуын арттыру мақсатында Энергетика министрлігі «Зой» Экологиялық желі ұйымы және Қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдарламасымен (ЮНЕП) бірлесіп, Еуропалық Комиссияның қаржылық қолдауымен, 2016 жылғы ҚОҚҰБ ресми нұсқасы негізінде Интерактивті баяндама жарияланған. 2018 жылы 2016 жылғы Қоршаған ортаның жағдайы туралы интерактивті баяндама Отын-энергетикалық кешен және экология мәселелері бойынша қоғамдық кеңес (Экология жөніндегі комиссия) мүшелерімен мақұлданған. 2016 жылғы ҚОҚҰБ интерактивті нұсқасы мемлекеттік және орыс тілдерінде newecodoklad.ecogofond.kz сайтында орналасқан.

«Зой» Экологиялық желімен ынтымақтастық етіп, ЮНЕП қолдауымен 2017 жылға Интерактивті баяндама әзірленген.

8-тармаққа қатысты:

Тамақ өнім қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңға (2007 жылғы 21 шілдедегі №301) сәйкес орындалады. Осы Заңның 1-бабымен тамақ өнімін таңбалау, экологиялық таза тамақ өнімі, экологиялық таза тамақ өнімінің белгісі деген түсініктер анықталған. Заңның 4-бабы 2- тармағының 4-тармақшасына сәйкес тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу ақпараттың жариялануы, оған қол жеткізу, дұрыстығы негізінде орындалады. Осы Заңның 17-бабы 2-тармағының 6-тармақшасына сәйкес құжаттарда, жадынамаларда (жапсырма қағаздарда), заттаңбаларда, контрзаттаңбаларда, кольереткаларда, белгілерде, жапсырмаларда (стикерлерде) ақпараттан басқа, тамақ өнімінің түрлерін ескеретін, өнімнің құрамы туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс. мәліметтер мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы тиіс, және өзгеден басқа құрамындағы тамақ қоспаларының, жем және жем қоспаларының, белсенді биологиялық қоспалардың, генетикалық түрлендірілген ағзалардың (ГТА) болуы және олардың мөлшері туралы айтылуы тиіс.

«Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 6-бабына сәйкес тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы ақпаратқа қол жеткізуге шектеу қойылмайды.

ЭК 282-бабына сәйкес табиғатты пайдаланушылар сатып алушыларға таңбалау арқылы ГТА арқылы алынатын өнімдер мен азықтар туралы ақпарат беруге міндетті. ЭК өнімдердегі ГТА мөлшерінің деңгейін (пайыздық қатынаста) белгілемейді және ГТА тұратын немесе құрамында ГТА бар, немесе ГТА алынған өнімдердің барлығын таңбалауға міндеттейді. ЭГТРМ ОК

генетикалық өзгерген организмдер туралы Түзетуді ратификациялау бойынша мемлекетішілік рәсім жүргізіліп жатқанын атап өтеміз.

ЭГТРМ мемлекет ішіндегі ОК генетикалық өзгертілген ағзалар туралы түзетулер ратификациялау рәсімі жүргізіліп жатқанын атап өтеміз.

9-тармаққа қатысты:

ЭК 161-бабы 4- тармағының 6-тармақшасына сәйкес МЭАҚ құрамына ЛШТМТ және өзге де экологиялық ақпарат тізілімдері кіреді.

2016 жылғы 8 сәуірде «Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Онда Мемлекеттік ЛШТМТ жүргізу көзделген.

Энергетика министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 241 бұйрығымен ЛШТМТ жүргізу ережелері бекітілді.

ХІІ. 5-бапты орындау кезінде туындаған кедергілер

5-баптың кез келген тармағының ережелерін орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді атаңыз.

Жауап:

Қазақстан Республикасында экологиялық ақпаратты жинау және тарату жеткілікті реттелген.

ХІІІ. 5-бап ережелерін тәжірибе жүзінде орындау туралы қосымша ақпарат

Экологиялық ақпаратты жинауға және таратуға қатысты 5-бап ережелерін тәжірибе жүзінде қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз, мысалы, жарияланатын ақпарат туралы қандай да бір статистикалық мәліметтер бар ма.

1. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары;
2. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алу;
3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры;
4. Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластану көздерінің мемлекеттік тізілімі;
5. Озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастры;
6. ЛШТМТ ;
7. Қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары;
8. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар;
9. Қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау туралы есептер;
10. ҚОҚҰБ;
11. Ұлттық экологиялық атлас;
12. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы бақылау-инспекциялық және құқық қолдану қызметінің нәтижелері бойынша есептер;
13. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және экологиялық мониторинг есептері;
14. Мемлекеттік экологиялық мониторингтің деректері;
15. Экология саласындағы ғылыми-техникалық әдебиет;
16. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарды

пайдалану, қоршаған ортаға әсер ету факторлары және оны қорғау бойынша қолданылатын шаралар туралы ақпарат;

17. Экологиялық ақпаратты қамтитын өзге де материалдар мен құжаттар:

- бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурсқа қатысушылардың өтінімдерінің материалы Парыз;
- ұлттық баяндамалар;
- картографиялық материалдар;
- мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан материалдар;
- Халықаралық жобалар материалдары;
- Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша есептер;
- мерзімді басылымдар;
- «ҚОҚ АТО» РМК жұмыстары»;
- ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламалары;
- семинарлар.

Табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары жүргізілуде. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры.

Табиғи және экономикалық әлеуетін бірыңғай жалпымемлекеттік кешенді есепке алу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы 2020-2021 жылдары жер кадастры жөніндегі мәліметтерді қосу жөніндегі жұмыстарды аяқталды, 2021 минералды ресурстардың кадастрларын интеграциялау жоспарлануда және 2022-2023 жылдары - су кадастры (бойынша интеграцияны аяқтау жоспарлануда

Жыл сайын өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолу жасалады. Шолу ҚОҚ БАЖ басты бетінде (<https://oos.ecogeo.gov.kz>), ЭГТРМ интернет-ресурсында (www.ecogeo.gov.kz) қол жетімді

ҚР 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 291 Заңымен ЭК ҚОҚҰБ 166-1-бабы енгізілді, ол жыл сайынғы негізде шығарылады. ҚОҚҰБ 2011-2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019 жылдар.

Істердің аз саны Конвенцияның 5-бабының орындалмауына тікелей байланысты. Мүмкін, бұл факт заң шығаруға қатысты қоғамның аз белсенділігімен байланысты шығар. Мұндай істердің көпшілігі 2017 жылы атап өтіледі, кейінірек істер көбінесе экологиялық ақпарат беруге, сондай-ақ табиғат пайдаланушылардың нақты қызметіне қатысты болады.

XIV. 5-бапты орындауға қатысты веб сайттардың мекенжайлары

Егер сәйкес веб сайттар бар болса, олардың мекенжайларын көрсетіңіз:

www.akorda.kz, www.parlam.kz, www.gov.kz, www.egov.kz, www.ecogeo.gov.kz, www.iacoos.kz, www.carecnet.org, <https://ecokadastr.kz/>, www.ecogofond.kz, <https://oos.ecogeo.gov.kz>, newecodoklad.ecogofond.kz, <http://adilet.zan.kz>.

XV. Қызметтің нақты түрлері бойынша шешім қабылдауға қоғамның қатысуына қатысты 6-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шаралар

Қызметтің нақты түрлері бойынша шешім қабылдауға қоғамның қатысуына қатысты 6-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды атаңыз.

6-баптың әр тармағындағы ережелер қалай орындалатынын түсіндіріңіз. 2-баптағы сәйкес анықтамалар, және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талап қалай ұлттық заңнамаға тасымалданатынын көрсетіңіз. Сонымен қатар келесіні сипаттаңыз:

- а) **1-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар:
- i) 6-бап ережелері Конвенцияның I қосымшасында аталған қызметтің жоспарланған түрлерін шешу мақсаттылығы туралы мәселені шешу бойынша шешімдерге қатысты қолданылды;
 - ii) 6-бап ережелері қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін I қосымшада аталмаған қызметтің жоспарланған түрлері бойынша шешімдерге қолданылды;
- б) **2-тармақта** аталған мәселелер бойынша экологиялық шешімдерді қабылдау рәсімдерінің ең бастапқы кезеңінде мүдделі қоғамның баламалы, уақытылы және тиімді ақпарат алуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- с) қоғамның қатысу рәсімдерінің мерзімдері **3-тармақ** талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- д) **4-тармаққа** қатысты – қоғамның ең бастапқы кезеңінде қатысуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- е) **5-тармаққа** қатысты – рұқсатты алуға өтінім беру алдында олар қоғамның мүдделі шеңберін анықтау үшін, олардың өтінім мақсаттарына қатысты талқылар жүргізіп, ақпарат беру үшін әлеуетті өтініш берушілерді ынталандыру үшін қабылданған шаралар;
- ф) **6-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар:
- i) құзыретті мемлекеттік органдар мүдделі қоғамға 6-бапта аталған шешімдерді қабылдау процесіне қатысты, және қоғамның қатысу рәсімдерін орындау кезінде қолында бар бүкіл ақпаратты қоғамға ұсынуы;
 - ii) құзыретті органдар, атап айтқанда мүдделі қоғамға осы тармақта аталған ақпаратты ұсынуы;
- г) **7-тармаққа** қатысты – қоғамның қатысу рәсімдері оған жоспарланып отырған қызметке қатысы бар деп есептейтін ескертулерді, ақпаратты, талдауды немесе пікірді ұсынуға мүмкіндік беруін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- h) **8-тармаққа** қатысты – сәйкес шешімде тиісті түрде қоғамның қатысу нәтижелері көрсетілуін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- i) **9-тармаққа** қатысты – тиісті рәсімдерге сәйкес қабылданған шешім туралы қоғамның шұғыл ақпараттануы үшін қабылданған шаралар;
- j) **1-тармаққа** қатысты – мемлекеттік органмен 1-тармақта айтылатын қызметті орындау шарттарын қайта қарау немесе жаңартуын, 2-9тармақтардың ережелері мақсатты болған жағдайда және қажетті өзгерістермен қолданылуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- к) **1-тармаққа** қатысты – қоршаған ортаға генетикалық түрлендірілген ағзаларды әдейі босатуға рұқсаттар беруге қатысты шешімдерге 6-бап ережелерін қолдану үшін қабылданған шаралар.

Жауап: ЭК 13-бабы 1-тармағының 4-тармақшасы және 14-бабы 1- тармағының 3-тармақшасы негізінде қоғам мемлекеттік органдармен қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау процесінде заңнамамен белгіленген тәртіпте қатысуға құқылы.

Қазақстанда ОК 6-бабын жүзеге асыру үшін келесі заңнамалық және нормативтік актілер қабылданған және орындалуда:

- ЭК (17, 45, 46, 49, 57, 135 баптар);

- Қоршаған ортаға әсерді бағалауды өткізу жөніндегі нұсқаулық (ҚОӘБ), (ҚОҚМ 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-п бұйрығы) 17.06.2016 № 253 өзгерістерімен.

[Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу ережелерін бекіту туралы . \(ЭМ 2015 жылғы 16 ақпандағы № 100 бұйрығы\).](#)

- Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелері (ҚОҚМ 2007 жылғы 7 мамырдағы

№ 135 бұйрық);

- ҚОӘБ рәсіміне және көзделген шаруашылық немесе өзге қызмет бойынша шешімдерді қабылдау рәсіміне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережелері (ҚОҚМ 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-п бұйрық) 21.06.2016 № 258 өзгерістері мен толықтырулары бар;

- жобалары қоғамдық тыңдауларға шығаруға жататын шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі (ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №240 бұйрық)

«Экологиялық мәселелер бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 491-V ЭК өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осыған орай ЭК 57-2бабында қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болып табылатын жобалар анықталды. Энергетика министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 240 бұйрығымен жобалары қоғамдық тыңдауларға шығаруға жататын шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі бекітілді.

Экологиялық кодекстің 60 бабымен қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу көзделген. Осыған байланысты қоғамдық экологиялық сараптама – қоғамдық бірлестіктермен құрылатын сараптамалық комиссиялармен ерікті бастамада орындалатын қызмет түрі. Қоғамдық экологиялық сараптама бастаушысы болып қоғамдық экологиялық сараптама нысанын жүзеге асырған кезде мүддесін қозғайтын жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер қатыса алады.

2-тармаққа қатысты:

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы (МЭС) өткізу тәртібі кеңес беру-кеңесу органдары болып табылатын МЭС сараптамалық кеңестер құрылатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен анықталады (ЭК 49-бабы). Осындай сараптамалық кеңестердің мүшелері қоғам өкілдері бола алады (ЭК 56-бабы). ЭК 57-бабына сәйкес:

1.Мемлекеттік экологиялық сараптаманың ашықтығы және қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауда тұрғындардың қатысуы қоғамдық тыңдаулар өткізу жолымен қамтамасыз етіледі.

2. Барлық мүдделі азаматтарға және қоғамдық бірлестіктерге МЭС өткізу кезінде өз пікірін білдіру мүмкіндігі ұсынылады.

3.Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін табиғат пайдаланушы оны алғаннан кейін бес жұмыс күн ішінде табиғатты пайдаланушымен жіберіледі.

4.Жеке және заңды тұлғалар заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын даулауға құқылы.

5.Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бойынша шешім қабылдағаннан кейін барлық мүдделі тұлғаларға сараптама нысаны бойынша ақпарат алу мүмкіндігі беріледі.

МЭС өткізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымы жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады (ЭК 20-бабы) және Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі. 57-1 бапқа сәйкес қоршаған ортаны қорғау бойынша мәселелерге қатысты шешімдер қабылдауда қоғамның қатысуы келесі арқылы жүзеге асырылады:

- Қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- Қоғамдық экологиялық сараптама өткізу;
- Қоғамдық экологиялық бақылау өткізу;
- Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік органдарға ескертулер мен ұсыныстар беру;
- Мемлекеттік органдардағы қоғамдық кеңестерге қатысу;
- Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттар жобаларына ескертулер мен ұсыныстар беру.

ЭК 57-2 бапқа сәйкес атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізу алдында 20 күн бұрын көзделген шаруашылық және өзге қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және осы қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа интернет-ресурс арқылы, сонымен қатар өзге ақпараттандыру әдістері арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жоспарланған қызметтің тапсырыс берушісі (бастаушысы) шартты негізде қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін қоғамды ақпараттандыру бойынша шаралар

өткізу үшін қоғамдық бірлестіктерді тартуға құқылы.
2016 жылғы 8 сәуірдегі № 491 Заңымен ЭК Қоғамдық тыңдаулар өткізу 57-2 бабы енгізілді.

1. Қоғамдық тыңдаулардың мынадай:

- 1) ауыл және орман шаруашылығы, тау-кен өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтармен жұмыс істеу және экономиканың басқа да салаларында, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбеге сәйкес шаруашылық қызметінің түрлері бойынша;
- 2) су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі және сумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау аймақтарындағы объектілердің орналастырылуы көзделетін;
- 3) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі объектілердің орналастырылуы көзделетін;
- 4) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі орманның, оның ішінде елді мекендер шекарасының шеңберіндегі көгалдандыру екпелерінің кесілуі көзделетін;
- 5) табиғат пайдаланушының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы қызметі көзделетін;
- 6) осы Кодекстің [47-бабы](#) 1-тармағының [6\), 8\), 9\)](#) және [10\) тармақшаларында](#) көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері болып табылатын жобалар бойынша өткізілуі міндетті.

3-тармаққа қатысты:

Заңнамамен шешімдерді қабылдауда қоғамның қатысуына қатысты қисынды мерзімдер анықталған.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелерінің 10-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші мүдделі қоғамдық тыңдаулар өткізуге дейін кем дегенде 20 күнтізбелік күн қалғанда мемлекеттік және орыс тілінде ақпараттандырады. Ережелердің 12-тармағында жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізуге дейін 20 күн бұрын көзделген шаруашылық және өзге қызметтің ҚОӘБ рәсіміне және осы қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа интернет – ресурс арқылы, сонымен қатар өзге де ақпараттандыру әдісімен ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ережелердің 13-тармағына сәйкес мүдделі қоғам тапсырыс берушіге жобалар құжаттамасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуге дейін кем дегенде 3 жұмыс күн қалғанда ескертулер мен ұсыныстар (бар болса) береді.

19-тармаққа сәйкес қоғамдық тыңдаулар нәтижелері хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға қоғамдық тыңдаулардың төрағасы және хатшысы қол қояды және ол қоғамдық тыңдаулар өткізгеннен кейін жеті жұмыс күннен кешіктірілмей жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсына салынады.

24-тармаққа қатысты тапсырыс беруші пікіртерім түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде БАҚ хабарлама береді. Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелеріне пікіртерім түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу мерзімі кем дегенде 20 жұмыс күнді құрайды. Сол сияқты Ережелердің 25-тармағымен жергілікті атқарушы органның жауапты тұлғасы мүдделі қоғамнан ескертулер және (немесе) ұсыныстар түскен жағдайда оларды тапсырыс берушіге жібереді. Әрі қарай, Тапсырыс беруші қоғамнан түскен ескертулерге және (немесе) ұсыныстарға талдау жасайды. Жергілікті атқарушы органның жауапты тұлғасы тапсырыс берушімен бірлесіп қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы Хаттаманы қарастырады. Хаттамада мүдделі қоғамнан түскен ескертулер және (немесе) ұсыныстар және тапсырыс берушінің әр ескерту және (немесе) ұсыныс бойынша ұстанымы, сонымен қатар шешімді қайта қарау мүмкіндігі туралы ақпарат көрсетіледі. қоғамдық тыңдаулар хаттамасы жергілікті органның интернет-ресурсында пікіртерім түрінде өткізілген қоғамдық тыңдаулардан кейін жеті жұмыс күннен кешіктірілмей орналастырылады.

Сол сияқты 67-баппен көзделген қызметтің тапсырыс берушісі қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысын алған күннен бастап айлық мерзімде ондағы баяндалған тұжырымдамалар мен кеңестерді қарауға, және өзінің түсініктемелерін мемлекеттік экологиялық сараптама органына және қоғамдық экологиялық сараптама ұйымдастырушысына жіберуге міндетті. Қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысы мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қаралуы тиіс. Қарау нәтижелері қоғамдық экологиялық сараптама ұйымдастырушысына және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілуі тиіс. Қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысы жергілікті атқарушы органдармен, қаржы ұйымдарымен және көзделген қызметтің тапсырыс берушісімен шешімдер қабылдау кезінде ескерілуі тиіс. Қоғамдық экологиялық сараптама нәтижелері сол сияқты ғимараттар, құрылыстарды және кешендерді салу, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу кезінде арналған жобалардың кешенді ведомстводан тыс сараптамасын өткізу кезінде (техника-экономикалық негіздеме және жобалау-сметалық құжаттама) ескерілуі тиіс.

4-тармаққа қатысты:

ЭК 57-2 бабына сәйкес қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болып табылатын жобалар:

- 1) ауыл және орман шаруашылығы, тау-кен өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтармен жұмыс істеу және экономиканың басқа да салаларында, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбеге сәйкес шаруашылық қызметінің түрлері бойынша;
- 2) су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі және сумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау аймақтарындағы объектілердің орналастырылуы көзделетін;
- 3) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі объектілердің орналастырылуы көзделетін;
- 4) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі орманның, оның ішінде елді мекендер шекарасының шеңберіндегі көгалдандыру екіпелерінің кесілуі көзделетін;
- 5) табиғат пайдаланушының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы қызметі көзделетін;
- 6) осы Кодекстің [47-бабы](#) 1-тармағының [6\), 8\), 9\)](#) және [10\)](#)

[тармақшаларында](#) көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері болып табылатын жобалар бойынша өткізілуі міндетті.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізу сол сияқты ҚР Экологиялық кодексінің 60-бабымен көзделген.

Түрлі нұсқаларды қарастыруға барлық мүмкіндіктер болғанда және ОК талаптарына сәйкес қоғамның тиімді қатысуы қамтамасыз етілетін, ең бастапқы кезеңде қоғамның қатысуын қамтамасыз ету жаңа реакциядағы ЭК көзделген. **5-тармаққа қатысты:**

Қазіргі кезде рұқсаттарды алуға өтінімдер бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізуге табиғатты пайдаланушыларды ынталандыру шаралары көзделмеген,

6-тармаққа қатысты:

Заңнамамен шешімдерді қабылдау процесіне қатысты ақпаратқа қол жеткізу үшін төлем көзделмеген.

7-тармаққа қатысты:

Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелерімен келесі рәсімдер көзделген:

Тапсырыс беруші жергілікті атқарушы органмен қоғамдық тыңдауларды өткізу орнын және уақытын, мүдделі қоғамның алдын ала тізімін келіседі және оларды ақпараттандырудың тиімді әдістерін негіздейді (БАҚ хабарландыру, ақпараттық парақтар, стендтер, жазбаша хаттар) (Ережелердің 8-тармағы);

Жергілікті атқарушы орган мүдделі қоғамның тізімін, ақпараттандыру әдісін, қоғамдық тыңдауларды өткізу орнын және уақытын келіседі, қоғамдық тыңдауларды өткізу үшін жауапты тұлғаны анықтайды (Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелерінің 9-тармағы).

Қоғамдық тыңдауларды ашық жиналыс түрінде өткізу үшін тапсырыс беруші БАҚ ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы мемлекеттік және орыс тілінде хабарламаны қоғамдық тыңдаулар өткізуге дейін кем дегенде жиырма жұмыс күн қалғанда жариялайды (10 Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелерінің 10-тармағы).

Тапсырыс беруші қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарламаны, жоба бойынша құжаттаманы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастыру үшін жолдайды. (Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелерінің 11-атрмағы).

Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізу алдында жиырма күн бұрын көзделген шаруашылық және өзге қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және осы қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа интернет-ресурс арқылы, сонымен қатар өзге ақпараттандыру әдістері арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді (Ережелердің 12-тармағы).

Мүдделі қоғам тапсырыс берушіге қоғамдық тыңдаулар өткізуге дейін кем дегенде 3 жұмыс күн қалғанда жобалардың құжаттамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстарды (бар болса) тапсырыс берушіге ұсынады.

Экологиялық кодекстің 65-бабымен қоғамдық экологиялық сараптама ұйымдастырушысы өтінішті тіркеген жағдайда ғана орындалатыны белгіленген. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу туралы өтініш оның ұйымдастырушысымен сараптама нысанының қызметі көзделген аумақтағы жергілікті атқарушы органдарға беріледі. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы өтініш түскен күннен бастап он жұмыс күн ішінде оны тіркеуге немесе оны тіркеуден бас тартуға міндетті. Көрсетілген мерзімде тіркеуден бас тартылмаған қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы өтініш, тіркелген болып есептеледі. Қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізу туралы өтінішті тіркеуден бас тартқан жағдайда жергілікті атқарушы орган ол туралы қоғамдық экологиялық сараптама бастаушысына және ұйымдастырушысына бас тарту себебін дәлелді негіздеумен жазбаша түрде хабарлайды.

8-тармаққа қатысты:

«МЭС өткізу ережелерінің» 9-тармағына сәйкес МЭС ұсынылатын материалдар қоғамдық тыңдауларды ескеру нәтижелерінен тұрады. Тапсырыс беруші МЭС қоғамдық тыңдаулар хаттамасын және қоғамдық пікірді ескерумен аяқталған ҚОӘБ жобасын ұсынады, нормативтік құқықтық актілерге негізделіп оны білікті негіздеу кезінде, сонымен қатар Тапсырыс беруші жобаға өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді негізсіз деп санайтын қоғамның ұсыныстары бойынша түсініктеме.

Сол сияқты 66-бапта қоғамдық экологиялық сараптама нәтижелері кеңес беру сипатындағы қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысы түрінде рәсімделеді.

9-тармаққа қатысты:

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы табиғатты пайдаланушымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында табиғат пайдаланушы оны алған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде жіберіледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бойынша шешім қабылдағаннан кейін барлық мүдделі тұлғаларға сараптама нысаны бойынша ақпарат алу мүмкіндігі ұсынылады (ЭК 57-бап). МЭС орындау кезіндегі келіспеушіліктер келіссөздер жолымен немесе сот тәртібінде қаралады (ЭК 58-бап).

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы ұсынымдық сипатқа ие және уәкілетті органның шешімі болып табылмайтынын атап өту қажет.

10-тармаққа қатысты:

«МЭС өткізу ережелерінің» 17-тармағына сәйкес «келісілмейді» деген тұжырымы бар теріс қорытынды алынған жағдайда сараптама бастаушысы мемлекеттік экологиялық сараптама ескертулері бойынша материалдарды толықтырады және оларды мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынады немесе көзделген қызметтен бас тартады.

11-тармаққа қатысты:

«Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Заңы 12-бабының 5-тармағына сәйкес (2007 жылғы 21 шілдедегі №301) ГТА және тамаққа биологиялық белсенді қоспалардың айналымына тек қана олардың қауіпсіздігі ғылыми негізделген растаудан кейін рұқсат етіледі. Ғылыми зерттеулер жүргізу заңнамамен белгіленген тәртіпте орындалады, және 34-бапқа сәйкес ГТА тамақ өнімінде

қауіпсіздігін ғылыми негіздеп растауға дейін оларды мемлекеттік тіркеуден өткізуде олардың тамақ өніміндегі мөлшері Еуропалық одақ мемлекеттерінде белгіленгеннен жоғары емес мөлшерде қабылданады.

Генетикалық түрлендірілген ағзаларға қатысты ОК түзетулердің ратификациялауы бойынша мемлекет ішіндегі рәсімі өткізіледі. Ратификация 2021 жылға халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялау жоспарына сәйкес жоспарланған.

XVI. 6-бапты орындау кезінде туындаған кедергілер

6-баптың кез келген тармағындағы ережелерді орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді көрсетіңіз.

Жауап:

Тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу барысында кейбір жағдайларда техникалық емес түйіндемелер ұсынылмайды.

Қолданыстағы МЭС өткізу ережелерінде МЭС өткізу процесі аясында қоғамдық қатысу туралы рәсімдік нормалар жоқ.

Қазіргі уақытта экологиялық маңызды шешімдер қабылдау процесінің ең бастапқы кезеңінде - жоспарланған шаруашылық қызметке жер учаскесін таңдау және резервте қалдыру кезінде жұртшылықты тарту сәті заңнамада бекітілмеген. Жер кодексінде осы кезеңде қоғамдық қатысу көзделмеген (43-баптың 1-тармағы).

Жер заңнамасындағы басты ұлттық құқықтық нормалар мен табиғатты қорғау заңнамасындағы нормалардың сәйкессіздігі – ЭК 6-тарауы және МЭС өткізу ережелері ОК 6-бабының 4-тармағындағы ережелерді орындауды қиындатуы мүмкін. Ережелер МЭС ұсынылатын құрамға, материалдардың мөлшеріне талаптарды орнатады. Ережелерге сәйкес жер телімін таңдау актісі, жерге салу ісі МЭС нысандары болып табылмайды, бұл құжаттар басқа құжаттаманың құрамында МЭС үшін ұсынылады. Құжаттаманың құрамында сол сияқты жер телімін таңдау кезеңінде ҚОӘБ ажыратылмас бөлігі ретінде құжатталған қоғамдық қатысу материалдары айтылмайды.,

ЭК 136-бабына сәйкес мемлекеттік органдар экологиялық заңнаманы бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа жеке және заңды тұлғаларды ерікті негізде тарта алады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды. Осы норма «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тізбесінде» болмауы және жарғыда «Экологиялық бақылау функцияларының» болуы қажеттігі негізінде жұртшылықтың қатысуы үшін шектеулер енгізуі мүмкін. Алайда, қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдардың тізбесі жоқ, қоғамдық экологиялық бақылау және қоғамдық экологиялық сараптама туралы ОК ережелері нашар іске асырылады. 2019 жылы Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ кеңсесінің қолдауымен ҮЕҰ қызметкерлері - Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы (бұдан әрі - ЭкоМузей) «Қоғамдық экологиялық тыңдаулардың тиімділігін арттыру» жобасын іске асырды.

ЭК 57-бабына сәйкес: «1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың жариялылығы және халықтың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға қатысуы қоғамдық тыңдаулар өткізу арқылы қамтамасыз етіледі».

Мониторинг нәтижесінде келесі типтік заң бұзушылықтар анықталды:

40-50% тыңдаулар облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қажетті қатысуынсыз өтеді (ЭК 20-бабы «облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары» (ЖАО)). Олардың орнына кез келген басқа жергілікті атқарушы органдар – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, ауыл округтерінің және басқалардың әкімдіктері шақыртылады.

Сәйкесінше, ЖАО тыңдаулардың 40%:

- тыңдауға қатыспайды;

- тыңдаулар өткізбейді;
- ұйымдастырмайды және төрағаны таңдауды өткізбейді;
- ;
- хаттамаларға қоғамның ескертулерін енгізбейді;
- өздерінің порталдарында хабарламаларды, жобаның материалдары мен хаттамаларды жарияламайды;
- мүдделі мемлекеттік органдарды тартпайды.
- 50% тыңдаулар ЖАО тарапынан заңмен талап етілетін келісімсіз өткізіледі.

• 20% тыңдаулар көзделген қызметтің ҚОӘБ туралы баяндамасыз өтеді, яғни Ережелер талап ететін тыңдаулар барысында ақпаратты ұсынусыз.

• 30% тыңдаулар 41-бап талабын бұзып, баяндаманы толық ұсынбаумен өткізіледі «Қоршаған ортаға әсерді бағалау құжаттамасы». Соның ішінде типтік бұзушылықтар – нысанның нақты орналасуы туралы көрнекі ақпараттың, оның координаттарының, тұрғын үйлерге дейінгі қашықтығы және басқа туралы ақпараттың болмауы. Елді мекендер мен жоспардағы нысандардың өзара орналасу карталары мен сызбаларының болмауы, бұл олардың тұрғындарға және қоршаған ортаға әсерін түсінуге мүмкіндік бермейді. Ақпарат әдетте тар шеңберлі кәсіби тілді және ерекше терминдерді қолданумен, тұрғындар үшін бейімделмеген және түсінуге күрделі түрде ұсынылады.

• • 29% тыңдаулар ЖАО порталында хаттаманы жариялаусыз өткізіледі.

• 90% тыңдаулардың хаттамалары «баяндама берілді», «сұрақтар қойылды», «жауаптар алынды» деген түсініктемелермен шектелген, тыңдаулардың нақты күн тәртібі болып табылады. Қоғамның ескертулері хаттамаға енгізілмейді, немесе мәселенің мәнісін өзгертіп, өзгертілген түрінде қосылады. Мұндай тәжірибе тұрғындармен алдағы қызметтің әсері туралы нақты ақпаратты алуына кедергі келтіреді, сонымен қатар экологиялық сараптама жүргізу кезінде барлық ескертулерді есепке алуға кедергі келтіреді.

• 40% тыңдаулар ЖАО порталында ҚОӘБ жобалау материалдарын міндетті жариялаусыз өткізіледі.

• 65% хабарламалар ЖАО сайттарында Ережелердің талаптарына сәйкес емес. Толық емес мәліметтер көрсетіледі, соның ішінде ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын тапсырыс берушінің интернет-ресурсы және/немесе мекенжайы; мемлекеттік сараптаманы жүргізетін мемлекеттік орган көрсетілмейді; жобалау құжаттамасы орналасқан интернет-ресурстың мекенжайы жарияланбайды.

• 40% хабарламалар БАҚ Ережелерді бұзумен шығарылады – Ережелермен талап етілетін бүкіл ақпарат көрсетілмейді, тек қана бір тілде, соның ішінде – сараптаманы жүргізетін орган, жобалау құжаттары және ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайтын мекенжайлар, құжаттаманы дайындаушылардың атауы және байланыс деректері.

Сонымен қатар жалпы таралған тәжірибемен жобаланатын нысанды орналастыру орны бойынша емес, одан жүздеген шақырым жерде шығатын тыңдаулар туралы хабарламалардың БАҚ жариялануы орын алады.

ҚОҚ АТО мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында шешімдер қабылдау процестері туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігіне және жұртшылықтың пікірін ескеруге мониторинг жүргізе отырып, мыналарды атап өтеді:

Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың (бұдан әрі-ЖАО)	Орналасқан хаттамалар	Хабарландырулардың бұзушылықтары	Хаттамалардың бұзушылықтары
--	------------------------------	---	------------------------------------

ресми интернет – ресурстары мониторингінің қорытындылары бойынша келесі бұзушылықтар анықталды: Орналасқан хабарландырулар							
2019 жыл	2020 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1780	1754	1632	1391	333	99	665	382

Жүргізілген талдау нәтижелері қағидаларды жүйелі түрде бұзу рәсімдік сипатта болатынын және жылдан жылға қайталанатынын (хабарландырулар мен хаттамаларды орналастыру мерзімдерін бұзу) көрсетеді.

Президенттің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына сәйкес (бұдан әрі – жарлық) Қазақстан Республикасында 2020 жылдың 16 наурызынан бастап 2020 жылдың 15 сәуіріне дейін төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, кейіннен 2020 жылғы 11 мамырға дейін ұзарты отырып, ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдауларды бейнеконференцбайланыс (бұдан әрі - БКБ) форматында өткізу қажет болды.

2020 жылдың 16 наурызынан маусым айында дейін жергілікті атқарушы органдардың сайттарындағы қоғамдық тыңдаулар мониторингі қоғамдық тыңдауларды БКБ форматында өткізуге берілген ұсыныстардың бұзушылықтарын анықтады.

Сондай-ақ, БКБ түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қатысушылардың тыңдауларға қатысудың мүмкін еместігі туралы көптеген шағымдары атап өтілді. Олардың ішінде шағымдар:

- БКБ қосылу кезіндегі техникалық ақаулар;
- БКБ процесін тиісті ұйымдастырудың болмауы (шудың болуы);
- БКБ қосылу мүмкін еместігі немесе қосылуды ұзақ күту.

Қазіргі уақытта ЭГТРМ жоспарланған және өткізілген қоғамдық тыңдаулар бойынша хабарландырулар мен хаттамаларды орналастыру үшін бірыңғай портал құру мәселесін пысықтауда. Осыған байланысты Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ЕҚЫҰ Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар офисімен бірыңғай портал платформасында хабарландырулар мен қоғамдық тыңдаулардың хаттамаларын орталықтандыру бастамасына қаржылық және сараптамалық қолдау көрсету туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

XVII. 6-бап ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

Қоғамның қызметтің нақты түрлері бойынша шешімдер қабылдауға қатысты 6-бап ережелерін тәжірибелік қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз. Мысалы, қызметтің нақты түрлері бойынша шешімдер қабылдауда немесе ұлттық қорғаныс мүддесіне қызмет ететін қызметтің жоспарланған түрлеріне осы бап ережелерінің қолданылмауы туралы шешімдерге қатысты қандай да бір статистикалық мәліметтер немесе өзге ақпарат бар ма.

2016 жылғы 8 сәуірде ЭК өзгерісте мен толықтырулар енгізілген. 57-2 бапқа сәйкес қоғамдық тыңдауларға жататын міндетті жобалардың тізімі анықталды. Жобалары қоғамдық тыңдауға шығаруға жататын шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі Энергетика министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 240 бұйрығымен бекітілген. Шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі ОК 1-

қосымшасына сәйкес келтірілген.

Энергетика министрінің 21.06.2016 жылғы № 260 бұйрығымен Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер қоғамдық тыңдауларды өткізу бөлігінде енгізілді. Қолданыстағы нормаларға сәйкес қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыстар түрінде және сұрастыру түрінде өткізіледі.

Конвенцияның осы бабын тәжірибеде орындау мысалына қоғам өкілдері, атқарушы органдар мен шаруашылық және өзге қызметті жүзеге асыратын тұлғалар арасындағы шиеленістердің туындау себебінен өткізілген бір қатар сот талқыларының нәтижелері болып табылады.

1. Қазіргі қызметте мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдардың іс-әрекеттері туралы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмеу мысалдары бар. Конвенцияның 6-бабының 4 және 7-тармақтарына сәйкес қоғамның қызмет жүргізудің барлық кезеңдеріне, соның ішінде ең ерте кезеңдеріне қатысуы, сондай-ақ қоғамның пікірі бойынша жоспарланған қызметке қатысуы бар ескертулерді, талдауды немесе пікірлерді айтуға барлық мүмкіндіктерді ұсыну анықталуы керек. «ForteBank» АҚ филиалының «Денсаулық» сквері аумағындағы құрылыс жобасын қарау барысында мұндай мүмкіндіктер берілмеді. «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ ОК және ЭК көзделген өз функцияларын орындамаған. Осы себеппен «ЭКОМ» ҚБ мемлекеттік органдардың әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын даулау туралы сотқа арыз жіберді.

2019 жылғы 22 шілдедегі бірінші отырыс барысында жауапкер «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ жұртшылықтың шешім қабылдауға қатысуға құқығы бар екенін жоққа шығармады. Тыңдаулар өткізілуі керек еді, бірақ кейбір «заңнамалық қақтығыстарға» сілтеме жасай отырып, басқарма 2019 жылдың 16 мамырында өтетін тыңдаулардың өткізілуін қамтамасыз ете алмады. Олар белгісіз мерзімге ауыстырылды. «ForteBank» АҚ тиісті органдарға жобаға өзгерістер енгізуін хабарлай отырып, оларды өткізуден бас тартты, кейіннен жалғыз өзгеріс жасыл желектердің жоқтығы екені анықталды.

Екінші жауапкер «Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сот отырысына дәлелсіз себеппен келмеді, сондықтан екінші отырысты өткізу қажеттілігі туындады. «Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ 2019 жылғы 23 мамырда банкке Қоғамдық тыңдауларды өткізбей құрылысқа бөлінген жер телімінде жасыл желектердің жоқтығы туралы хат берді, ол «Tap Expert» ЖШС (Шымкент қ.) орындаған сараптаманың оң қорытындысының негізі болып табылды.

Соттың бірінші отырысына үшінші тарап ретінде шақырылған «ForteBank» АҚ өкілі де келген жоқ.

Қорытынды: Павлодар қаласының салауатты қоршаған ортасының сапасын сақтау мәселесі бойынша жұртшылықтың пікірін айту мүмкіндігі қамтамасыз етілмеді, бұл маңызды мәселе болып табылады. Мұндай пікірдің болуы жоғары органдар тарапынан ескерілмеген.

2. Тұрғындарға зиян келтірілген ұқсас жағдай Алматы қаласының қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің «У...» ЖШС санитарлы-эпидемиологиялық сараптама қорытындысын беру болды. Осы қорытынды «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңның нормаларына және «Өндірістік объектілердің санитариялық-

қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес келмеді.

Департаменттің жоғарыда аталған іс-әрекеттерінің нәтижесінде жергілікті тұрғындар цемент өндіретін, қабылдайтын, сақтайтын және сататын кәсіпорынның қызметінен зардап шегеді. Ал 2019 жылғы 17 қаңтарда ААЭС Алматы қаласы Бөкейханов көшесі тұрғындарының, экологиялық қоғамның және белгісіз адамдар тобының мүдделерін қорғауға өтініш берілді. Барлық сот отырыстары шағымды қанағаттандырудан бас тартты

3. Степногор, Ақсу және Бестөбе кенттерінің тұрғындары зауыттар, карьерлер мен құрамында полихлорланған дифенилдері бар қалдық қоймаларын салуға қарсы күресті бастады. Ақсу кентінің тұрғындарына ауылдың жанында алтын өндіретін тағы бір зауыт салынатын белгілі болды. Белгілі болғандай, компания 2018 жылғы 3 тамызда Степногорда «Adelya Gold» қызметкерлерін, Ақсу әкімін және Степногордан бірнеше адамды кент тұрғындарының қатысуынсыз тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруге қоғамдық тыңдаулар өткізді. Тұрғындарға барлық құжаттар мен рұқсаттардың болғаны хабарланды, Степногор қаласының әкімі тыңдаулар өтті деп қол қойды. Осыған байланысты Ақсу кентінің тұрғындары «Adelya Gold» ЖШС басшылығына кент аумағында және тұрғындардың қатысуымен жаңа қоғамдық тыңдаулар өткізуді бірнеше рет ұсынған. Тұрғындар 2018 жылы қоғамдық тыңдаулар алдында ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығына олардың құқықтары жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеген деп санайды.
4. 2019 жылы Павлодардағы «Денсаулық» скверіндегі учаскенің бір бөлігін жалға алған «Forte Bank» АҚ жасыл желектерді заңсыз бұзуды бастап, шарттың талаптарын бұзды. Қала тұрғындары кесілуге 51 ағаш түскеніне наразылық білдірді. Бастамашыл топтың өкілдері кесілген ағаштар тиелген машиналардың алаңынан шығу жолын жауып тастады. Оқиға орнына келген полицейлер қоғамдық тәртіпті бұзған жоқ. «Эком» қоғамдық бірлестігінің қатысушылары жасыл желектер орнында банк құрылысының заңдылығын анықтауға тырысып, саябақ аймағын қорғауға сөз сөйледі, экологтар түрлі инстанцияларға жүгінді. Жүргізілген тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша «ForteBank» АҚ филиалы субъектисінде «Павлодар қаласында «ForteBank» АҚ филиалының құрылысы» жұмыс жобасының ҚОӘБ мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы жоқ екендігі анықталды. Тәжірибе көрсеткендей, шенеуніктер алдымен жерді береді, содан кейін ағаштарды бұзу туралы қоғамдық тыңдаулар өткізуге тырысады. Керісінше болуы керек. ТКШ бөлімі мамыр айының ортасында қоғамдық тыңдаулар өткізуге уәде берді, бірақ олар белгісіз мерзімге ауыстырылды.
5. 2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі кеңесте Көк Жайлау шатқалының аумағында курорт салуға тыйым салды. Бұл мәселе Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. 2020 жылғы 30 қыркүйекте «кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойылды, онда туризм объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын салу, мемлекеттік шекара объектілерін жайластыру және олардың жұмыс істеуі, қорғаныс мұқтаждары үшін бұрын олардың құрамынан шығарылған және осы мақсаттарда пайдаланылмайтын босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына қайтару көзделді.

«Кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдау Көк Жайлау жобасы бойынша шешім қабылдауда жұртшылықтың тиімді қатысу

пікірін ескеру нәтижесі болып табылады.

XVIII. 6-бапты орындауға қатысы бар веб- сайттардың мекен-жайлары

www.osce.org/astana, <http://www.greensalvation.org/>, www.iacoos.kz,
www.ecogeo.gov.kz, www.energo.gov.kz, <http://ecogofond.kz/>, www.upr.astana.kz,
www.almatyeco.gov.kz, www.upr.akmo.gov.kz, www.tabigat.aktobe.gov.kz,
www.priroda.zhetisu.gov.kz, www.atyrau.gov.kz, www.e-priroda.gov.kz,
www.uralsk.gov.kz, www.tbr.zhambyl.gov.kz, www.pr-resurs.kz, www.kostanay-priroda.kz,
www.kyzylorda.gov.kz, www.eco.mangystau.gov.kz,
www.tabigatpv.gov.kz, www.dpr.sko.gov.kz, www.turkistan.gov.kz,
www.shymkent.gov.kz.

XIX. 7-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау барысында қоғамның қатысуын тәжірибелік және/немесе өзге әдіспен қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар

7-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау барысында қоғамның қатысуын тәжірибелік және/немесе өзге әдіспен қамтамасыз ету үшін қабылданған шараларды атаңыз. 2-баптағы және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талаптан тұратын сәйкес анықтамалар ұлттық тасымалданатынын көрсетіңіз.

Жауап: «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының (2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V) 17-бабының 4-тармағына сәйкес бір қатар жұмыстар жасалып жатыр. Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді дайындаушы органдармен мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жолдауға дейін көпшілікпен талқылау үшін заң жобаларының және нормативтік құқықтық актілердің жобалары оларға жасалған түсініктеме хаттармен және салыстырмалы кестелермен бірге (заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда) орналастырылады. Көпшілікпен талқылау нәтижелері бойынша есептер сол сияқты ашық нормативтік актілердің интернет-порталына салынады.

Сонымен қатар «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның (2015 жылғы 2 қарашадағы 383-V) 5-бабымен Президентке тікелей бағынышты министрліктерде, органдарда, сонымен қатар жергілікті мемлекеттік басқару органдарында Қоғамдық кеңестер құрылады. Қоғамдық кеңестер қызметінің мақсаты қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін айту болып табылады. Қоғамдық кеңестер туралы заңның 5-бабымен Кеңестердің келесі бойынша өкілеттіктері белгіленген:

- бюджеттік бағдарламалар, стратегиялық жоспарлар немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар жобаларының әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар жобасын талқылау;
- бюджеттік бағдарламалар, стратегиялық жоспарлар немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар жобаларының әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар жобасын орындауды талқылау;
- нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және талқылауға қатысу.

Олар орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сонымен қатар әкімдердің сәйкес аумақта карантиндік режим енгізумен карантиндік аумақты белгілеу (жою) туралы шешім қабылдауды көздейтін нормативтік құқықтық актілер жобасынан

басқа азаматтардың құқығына, бостандығына және міндеттеріне қатысты. Ветеринария саласында Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген карантинді және (немесе) шектеу қойылатын шараларды белгілеу (жою) туралы, сонымен қатар табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жариялау;

- Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау және мемлекеттік органдарға енгізу және басқа;

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес 2019 жылдың тамыз айында (04.09.2019 ж. министрдің м.а. №20-П бұйрығы) ЭГТРМ жанынан экология, геология және табиғи ресурс мәселелеріне қатысты Қоғамдық кеңес құрылды.

Қоғамдық кеңестің қызметі Конституциямен және қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

Қоғамдық кеңестің құрамына коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдардың 20 өкілі және ЭГТРМ 8 өкілі кіреді. Кеңесте келесі 4 бағыт бойынша Комиссия әрекет етеді: экология, бюджет, стратегиялық және нормативтік-құқықтық, геология және су ресурстары, орман, балық шаруашылығы және жануарлар дүниесі.

2019 жылы Қоғамдық кеңестің үш отырысы өтті: 12 қыркүйек, 19 қараша және 11 желтоқсанда.

Жалпы 2019 жылы Қоғамдық кеңес 105 НҚА жобасын қарады, оның 99 келісіліп, қабылдауға ұсынылды, 6 жобаның авторларына ескертулер мен ұсыныстар жіберілді, 5 жоба қарау сатысында.

2020 жылдың 21 желтоқсанында Қоғамдық кеңестің құрамы кеңейді (Министрліктің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №324-П бұйрығы) (коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымның 31 өкілі және Министрліктің 3 өкілі).

2020 жылы Қоғамдық кеңестің 2 отырысы және Министрдің Қоғамдық кеңес алдындағы есебі өткізілді.

ЭГТРМ сайтында Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат және оның комиссиялары отырыстарының хаттамалары орналастырылған арнайы бөлім құрылды <http://ecogeo.gov.kz/ru>.

2021 жылдың 2 қаңтарында Экологиялық кодекс жаңа редакцияда қабылданды.

XX.7-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға қатысты саясатты дайындауда қоғамның қатысу мүмкіндіктері

4-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға қатысты саясатты дайындауда қоғамның қатысуы үшін қандай мүмкіндіктер қамтамасыз етілетінін түсіндіріңіз.

Жауап:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен бекітілген (Үкіметтің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 Қаулысы) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – Жүйе) құжаттарына келесі жатады:

- 1) Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасы;
- 2) 10 жылға дейін қоса санағанда стратегиялық даму жоспары, Елдегі аумақтық-кеңістік дамуының болжамды сызбасы;
- 3) 5 жылға немесе 5 жылдан артық мерзімге арналған ұлттық қауіпсіздік бағдарламасы;
- 4) 5 жылға арналған Әлеуметтік-экономикалық даму болашағы;
- 5) мемлекеттік бағдарламалар (кем дегенде 5 жыл);
- 6) 5 жылға арналған мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 7) 5 жылға арналған аумақтарды дамыту бағдарламалары;
- 8) жарғылық капиталда мемлекеттің қатысуымен ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды дамыту 10 жылдық бағдарламасы.

Жүйенің 78-тармағына сәйкес Стратегиялық даму жоспарының жүйелік реформалары мен міндеттерін, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бағыттарын мүдделі мемлекеттік органмен жүзеге асыруға мемлекеттік бағдарлама әзірленіп жатыр. Әрі қарай мемлекеттік бағдарлама жобасы мемлекеттік органның интернет-ресурсында және ашық мәліметтер интернет порталында мемлекеттік бағдарламаны дайындау үшін жауапты мемлекеттік органмен түскен ұсыныстарды ескерумен көпшілікпен талқылау үшін салынады және аяқтап дайындалады (күпия сипаттағы және қызметтік

пайдалану үшін арналған ақпараттан басқа) (Жүйенің 81-тармағы).

Жүйенің 56-тармағымен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің процесстеріне қатысушылары мемлекеттік билік органдары, мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалар, **қоғамдық**, ғылыми және жеке ұйымдардың **өкілдері**, **жеке тұлғалар** болып табылады.

XXI. 7-тармақты орындау кезінде туындаған кедергілер

7-тармақты орындау кезінде туындаған кез келген кедергілер туралы хабарлаңыз.

Ұлттық заңнамада жоспарларға, саясатқа, бағдарламаларға стратегиялық экологиялық баға жасау тәжірибесі жоқ.

XXII. 7-бап ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

Қоғамның нақты қызмет түрлері бойынша шешім қабылдауда қатысуына қатысты 7-бап ережелерін тәжірибелік қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз.

Жауап: Қоғамның бағдарламаларды, саясаттарды, стратегияларды дайындауға қатысуы әдетте кеңес беру сипатында болады.

XXIII. 7-тармақты орындауға қатысы бар веб-сайттардың мекен-жайлары

Сәйкес веб сайттардың мекенжайларын көрсетіңіз, егер ондайлар болса:

www.akorda.kz/, www.ecogeo.gov.kz, www.energo.gov.kz, http://ecogofond.kz/,
www.upr.astana.kz, www.almatyeco.gov.kz, www.upr.akmo.gov.kz,
www.tabigat.aktobe.gov.kz, www.priroda.zhetisu.gov.kz, www.atyrau.gov.kz,
www.e-priroda.gov.kz, www.uralsk.gov.kz, www.tbr.zhambyl.gov.kz, www.pr-resurs.kz,
www.kostanay-priroda.kz, www.kyzylorda.gov.kz,
www.eco.mangystau.gov.kz, www.tabigatpv.gov.kz, www.dpr.sko.gov.kz,
www.turkistan.gov.kz, www.shymkent.gov.kz

XXIV. 8-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға маңызды әсерін тигізуі мүмкін нормативтік актілер мен нормаларды дайындауда қоғамның қатысуына әрекеттесу үшін қабылданатын шаралар

8-бап ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға маңызды әсерін тигізуі мүмкін мемлекеттік органдармен жалпы қабылданған және заңды түрде міндетті болып табылатын нормативтік актілер мен басқа нормаларды дайындау барысында қоғамның тиімді қатысуына әрекеттесу үшін қандай шаралар қабылданатыны туралы хабарлаңыз. Егер бұл орынды болса, 2-бапта қамтылған тиісті анықтамалар және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талап ұлттық заңнамаға қалай ауысатыны туралы хабарлаңыз.

Жауап: Заңнама заңнамалық және нормативтік құжаттардың жобаларына ұсыныстарды талқылауда және дайындауда жеке және заңды тұлғалардың қатысуына

қатысты қандай да бір кемсіту сипатындағы шектеулерді көздемейді.

Ұлттық заңнамамен барлық жоспарлар, бағдарламалар мен саясаттар, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Үкіметтің «Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 Қаулысына сәйкес дайындалады.

Жүйенің 78-тармағымен Стратегиялық даму жоспарының жүйелік реформалары мен міндеттерін, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бағыттарын мүдделі мемлекеттік органмен жүзеге асыруға мемлекеттік бағдарлама әзірленіп жатыр. Әрі қарай мемлекеттік бағдарлама жобасы мемлекеттік органның интернет-ресурсында және ашық мәліметтер интернет порталында мемлекеттік бағдарламаны дайындау үшін жауапты мемлекеттік органмен түскен ұсыныстарды ескерумен көпшілікпен талқылау үшін салынады және аяқтап дайындалады (құпия сипаттағы және қызметтік пайдалану үшін арналған ақпараттан басқа) (Жүйенің 81-тармағы).

Жүйенің 56-тармағымен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің процесстеріне қатысушылары мемлекеттік билік органдары, мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалар, **қоғамдық** ғылыми және жеке ұйымдардың **өкілдері, жеке тұлғалар** болып табылады.

Қоғамның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын дайындау барысында қатысуы «Құқықтық актілер туралы» 12016 жылғы 6 сәуірдегі Заңымен реттеледі.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және көпшілікпен талқылау тәртібі Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 22 бұйрығымен бекітілген Ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және заң жобаларының тұжырымдамаларын көпшілікпен талқылау және орналастыру ережелерімен (бұдан әрі – Ережелер) анықталған.

Ережелерге сәйкес «электрондық үкімет» Порталында нормативтік құқықтық актілердің жобалары түсініктеме хаттамалармен және салыстырмалы кестелермен бірге қазақ және орыс тілдерінде салынады.

НҚА жобаларын көпшілікпен талқылау мерзімі оларды Порталда орналастыру күнінен бастап кем дегенде 10 жұмыс күн болуы тиіс. НҚА жобасына түскен барлық ескертулер мен түсініктемелер ашық салынады.

НҚА жобаларының мемлекеттік дайындаушы органдары көпшілікпен талқылау аяқталғаннан кейін қоғамнан түскен ескертулерді және (немесе) ұсыныстарды қарайды және оларды қабылдау немесе негізді атап бас тарту туралы шешім қабылдайды. Осыдан кейін Мемлекеттік органдар жобаларды көпшілікпен талқылау аяқталғаны туралы есептің алдын ала нұсқасын жариялайды.

Көпшілікпен талқылау аяқталғаны туралы есеп жобасын жариялаудан кейін 1 жұмыс күн ішінде on-line режимінде мемлекеттік органмен ұсынылған НҚА жобасы және қоғамның ұсынған ескертулері мен ұсыныстары бойынша көпшілікпен дауыс беру өткізіледі.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін жобалардың мемлекеттік дайындаушы органдары көпшілікпен талқылаудың аяқталуы туралы ақырғы есеп нұсқасын қалыптастырады және жариялайды.

Аталған есеп келесі мәліметтерден тұрады:

- Түсініктеме берілетін НҚА құрылымдық бөлігі,
- Қоғамнан түскен ескертулердің және (немесе) ұсыныстың мәтіні;
- Мемлекеттік орган жауабының мәтіні;
- Мемлекеттік дайындаушы органмен ұсынылған НҚА жобасы бойынша «құпталды» және «қарсы» дауыстарының саны;
- Қоғаммен ұсынылған НҚА жобасы бойынша «құпталды» және «қарсы» дауыстарының саны.

2016 жылғы 8 сәуірдегі № 491 Заңымен ҚР ЭК 57-бабына 57-1, 57-2, 166-1 жаңа баптар қосылды.

XXV. 8-бапты орындау кезінде туындаған кедергілер

8-бапты орындау кезінде туындаған кез келген кедергілер туралы хабарлаңыз.

Жауап:

8-бапты жүзеге асыру кезінде кедергілер жоқ.

XXVI. 8-бап ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

8-бапты қамту саласына жататын қызметтегі қоғамның қатысуына қатысты ережелердің тәжірибелік қолданылуы туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз.

Жауап: Осы Ұлттық баяндаманы дайындау нәтижесінде заңнамадағы қайшылықтар мен анықталған олқылықтар ОК 8-бабына сәйкес заң шығару қызметі барысында қоғамның қатысуы үшін жақсы негіз бола алады.

Конвенция ережелерін жүзеге асыру бойынша қолданыстағы механизмдердің жұмыс тиімділігін бағалауға бағытталған жеке зерттеулер өткізіліп жатыр. Экологиялық кодекстің жаңа редакциясындағы жобасын даярлау кезінде ҰЕҰ қызметкерлерімен ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша бір қатар ұсыныстар берілді.

- ОК талаптарын орындаумен түзету жолымен «Жобалары қоғамдық тыңдауларға шығаруға жататын шаруашылық қызмет түрлерінің тізімі» шектеу сипатында жою;
- Қоғамдық тыңдауларды өткізу рәсіміне заңнамалық талаптарды тәптіштеу және күшейту;
- Электрондық үкімет аясында қоғамдық тыңдаулар материалдары үшін біріңғай интернет-ресурс құру;
- Коммерциялық емес ұйымдармен қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтің бәсекелестікке қабілетті ортасын құру және табыстау;
- Заңнамаға қайталанатын қоғамдық тыңдауларды және қоғамның ұсыныстарын қарау және ескеруге заңнамалық талаптар енгізу;
- Заңнамаға қоғамның сұрау салуы бойынша қоғамдық тыңдаулар түсінігін және бастау рәсімін енгізу;
- Экологиялық сараптаманың барлық түрлерін өткізу кезінде қоғамдық тыңдаулардың міндетті екендігін енгізу;

ЛШТМТ ұлттық және халықаралық заңнама талаптарына сәйкестігін реттейтін заңнаманы түзеу.

Көптеген қоғамдық ұйымдар экология саласындағы заңдарды және заңға бағынатын актілерді дайындаумен айналысады. Бүгінгі таңда жаңа экологиялық кодекстің жаңа редакциясын талқылауға қатысады, баптар мен бөлімдер бойынша кеңестер береді.

XXVII. 8-бапты орындауға қатысы бар веб сайттардың мекен-жайлары

Сәйкес веб сайттар болса олардың мекенжайларын көрсетіңіз:

www.akorda.kz/, www.ecogeo.gov.kz/, www.energo.gov.kz/, http://ecogofond.kz/,
www.upr.astana.kz/, www.almatyeco.gov.kz/, www.upr.akmo.gov.kz/,
www.tabigat.aktobe.gov.kz/, www.priroda.zhetisu.gov.kz/, www.atyrau.gov.kz/, www.e-priroda.gov.kz/,
www.uralsk.gov.kz/, www.tbr.zhambyl.gov.kz/, www.pr-resurs.kz/,
www.kostanay-priroda.kz/, www.kyzylorda.gov.kz/, www.eco.mangystau.gov.kz/,
www.tabigatpv.gov.kz/, www.dpr.sko.gov.kz/, www.turkistan.gov.kz/,
www.shymkent.gov.kz/.

XXVIII. Сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты 9-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шаралар

Сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты 9-бап ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды атаңыз.

9-баптың әр тармағындағы ережелер қалай орындалатынын түсіндіріңіз.

2-баптағы сәйкес анықтамалар және 3-баптың 9-тармағындағы кемсітпеушілік туралы талап ұлттық заңнамаға қалай тасымалданатынын хабарлаңыз. Сонымен қатар атап айтқанда келесіні сипаттаңыз:

а) **1-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар:

- i. 5-бапқа сәйкес берілген Ақпаратқа қол жеткізу туралы өтініші осы бап ережелеріне сәйкес қаралмады деп есептейтін кез келген тұлға сотта немесе заңға сәйкес құрылған басқа тәуелсіз және бейтарап органда қарау рәсіміне қол жеткізе алады;
- ii. Мұндай істі сотта қарау кезінде, тұлғада сол сияқты мемлекеттік органмен қайта қарау үшін төлемді мүлдем қажет етпейтін, немесе минималды көлемде төлемді қажет ететін заңмен белгіленген жылдам рәсімге қол жеткізе алады. Немесе сот болып табылмайтын тәуелсіз және бейтарап органмен қарауға;
- iii. Осы тармаққа қатысты қабылданатын ақырғы шешімдер сәйкес ақпаратқа ие мемлекеттік орган үшін міндетті сипатта болып табылады және себептер ақпаратты ұсыну туралы өтініштен бас тартқан жағдайда жазбаша түрде көрсетілуі тиіс.

б) ұлттық заңнама аясында **2-тармақта** аталған белгілерге сәйкес келетін қоғамның сәйкес өкілдері сотта және /немесе басқа тәуелсіз және бейтарап органда қарау рәсіміне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар. Орган 6-бап ережелерін сақтаған жағдайда кез келген шешімді, әрекетті немесе әрекетсіздікті құқықтық және процесстік көзқарастан заңдылығын даулау мақсатында заңға сәйкес құрылуы тиіс;

с) **3-тармаққа** қатысты – ұлттық заңнамада көзделген белгілерге сай, қоғам өкілдері, егер ондай болса, қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңнама ережелерін бұзатын жеке тұлғалардың және мемлекеттік органдардың әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін даулау үшін әкімшілік немесе сот рәсімдеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

д) **4-тармаққа** қатысты – келесіні қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар:

- i. 1,2 және 3 тармақта аталған рәсімдер құқықтық қорғаныстың баламалы және тиімді құралдарын қамтуы үшін;
- ii. Мұндай рәсімдер басқа да қатынаста осы тармақ талаптарына сай болуы тиіс;

е) **5-тармаққа** қатысты – қоғамға шешімдерді қараудың әкімшілік және сот рәсімдеріне қол жеткізу туралы ақпарат ұсынылуын қамтамасыз ету

үшін қабылданған шаралар.

Жауап: 1-тармаққа қатысты:

ЭК мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық экологиялық бақылауды көздейді. Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібі қоғамдық бірлестіктердің жарғыларына сәйкес анықталады (ЭК 135-бабы).

Қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, қайта жаңғырту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жеке тексерістер мен жылдық есептілік нәтижелерінің жариялануын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдарға экологиялық заңнама бұзушылықтарын анықтау бойынша жұмысқа ерікті түрде жеке және заңды тұлғаларды тарту құқығы берілген (ЭК 136-бабы).

Қоғамның экологиялық даулар бойынша сот әділдігіне қол жеткізуге қатысудың рәсімдері : Конституция, ОК, Заматтық процестік кодекс (АПК), Экологиялық, Орман, Су кодекстері, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңдар, сонымен қатар Жоғарғы Сотының «Азаматтық істер бойынша соттармен экологиялық заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысымен бекітілген.

Соттармен өндіріске қоғамдық ұйымдардың экологиялық бағыттағы қуынымдары бойынша, соның ішінде өтінім берілген қуыным талаптарының сипатына қарамастан басқа тұлғалардың мүддесін қорғауға қатысты қуынымдар бойынша азаматтық істер қабылданады және қаралады. Экологиялық ақпаратты ұсынбау, толық емес және дұрыс емес ақпаратты белгіленген мерзімдерін бұзумен ұсынуға қатысты жоғарғы мемлекеттік органға (жоғарғы лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым жасауға болады. Бұл ретте жоғарғы органға шағым жасау өтініш берушінің сотқа уақытылы жүгінуі үшін кедергі болып табылмайды. Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар шағым түсірген, немесе оның мүддесіне түсірілген шағымның сол тұлғаға зиян келтіруіне жол бермеуге, сонымен қатар әрекеттеріне шағым жасалған лауазымды тұлғаларға шағымдарды жолдамауға міндетті. Сотқа шағым жасау тәртібі АПК 29-тарауында белгіленген.

АПК 293-бабына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің сотта дауланатын шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) келесі нәтижеге келтірген алқалық және жеке дара шешімдер және әрекеттер (немесе әрекетсіздіктер) жатады:

- 1) азаматтар мен заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделері, құқықтары, бостандығы бұзылса;
- 2) азаматпен құқығын және бостандығын жүзеге асыруға, сонымен қатар заңды тұлғамен оның құқығын және заңмен қорғалатын мүдделерін орындауға кедергілер келтірілсе;
- 3) азаматқа немесе заңды тұлғаға қандай да бір заңсыз міндет артылса, немесе олар заңсыз жауапкершілікке тартылса.

Азамат және заңды тұлға оларға құқықтары, бостандығы және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылғаны туралы белгілі болған кезден бастап сотқа үш ай ішінде жүгінуге құқылы. Өтініш беру үшін үш айлық мерзімді өткізіп алу сот үшін өтінішті қабылдаудан бас тарту негізі болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері сот отырысында өтінішті мәнісі бойынша қарау кезінде анықталады және өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға негіздердің бірі болуы мүмкін.

Процестік заңмен сот актілеріне апелляциялық, кассациялық тәртіпте қоғаммен шағым жасау мүмкіндігі көзделген. Сот шешімдеріне қоғам үшін рұқсат беріліп, жазбаша түрде шығарылады. Сот шығындары сот дауынан жеңілген тараппен өтеледі. Бұл ретте мүліктік емес сипаттағы қуынымдар бойынша мемлекеттік баж салығы төмен болып қалады және әркімге қолжетімді болады. Қуынымдар беру және сот актілерін қайта қарау кезіндегі мемлекеттік баж салықтары қолданыстағы салық заңнамасымен көзделмеген.

Атқарушы өндіріс органдарымен сот шешімдерін орындау кезеңінде сол сияқты сот анықтауы бойынша атқарушы құжатты орындауды қамтамасыз ету мүмкіндігі көзделген.

Сонымен қатар Конституциямен, заңнамалық актілермен және халықаралық шарттармен кепілденген құқықтары мен бостандығын бұзатын лауазымды тұлғалар мен ұйымдардың әрекеттеріне және шешімдеріне азаматтардың өтініштерін қарайтын құқықтық қорғау құралдары табиғатты қорғау прокуратурасының, сонымен қатар адам құқығы жөніндегі уәкілеттінің қызметімен қамтамасыз етіледі.

2-тармаққа қатысты:

АПК8-бап мәнісі бойынша қоғам заңмен көзделген жағдайда басқа тұлғалар немесе тұлғалардың белгісіз шеңберінің құқығын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

АПК 55-бабына сәйкес заңмен көзделген жағдайларда ұйымдар басқа тұлғалардың өтініші бойынша құқықтарын, бостандығын және заңмен қорғалатын мүддесін, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерін қорғау қуынымымен сотқа жүгіне алады.

2016 жылғы 8 сәуірде ЭК қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері бөлігінде өзгерістер енгізілді. 14-бап 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделерінде сотқа жүгінуге құқылы. Осылайша Қазақстан соттары халықаралық шарт және ұлттық заңнама ережелерін жүзеге асырып, өздерінің өндірістеріне экологиялық қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша тұлғалардың белгісіз шеңберінің құқығын қорғау туралы қуынымдарын (өтініштерін) қабылдайды.

3-тармаққа қатысты

Қазақстанда заңнамалық деңгейде сотта қоғам өкілдерінің қуынымдарын қарау кезінде шағым жасалған қызметке сотпен тыйым салудың нақты мүмкіндіктері жасалған. Аталған мәселелер АПК 15-тарауымен реттеледі. Атап айтқанда АПК 155-бабына сәйкес іске қатысатын адамдардың, төрелік талқылау тараптарының арызы бойынша сот істің қандай жағдайында болмасын, егер осындай шараларды қабылдамау соттың шешімін орындауды қиындатса немесе мүмкін етпейтіндей болса, талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қабылдай алады.

Талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар: 1) мүлікке тыйым салу; 2) жауапкерге белгілі әрекеттерді жасауға тыйым салу; 3) басқа тұлғаларға жауапкердің мүлігін жауапкерге табыстауға немесе оған қатысты міндеттемелер орындауға тыйым салу; 4) мүлікті сатуды уақытша тоқтату; 5) мемлекеттік орган, ұйым немесе лауазымды тұлғаның дауланатын актісінің әрекетін уақытша тоқтату (келісілген жағдайлардан басқа) және басқа.

Осы бапта аталған тыйым салуды бұзған жағдайда кінәлі тұлғалар заңмен белгіленген жауапкершілікті артады. Сонымен қатар талапкер сот тәртібінде осы тұлғалардан талап қоюды қамтамасыз ету туралы анықтаманы орындамаумен келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

4-тармаққа қатысты: Қазақстанда соттық және соттан тыс құқықтық қорғау түрлері әрекет етеді. Сотта қоғамның құқықтық қорғау құралына талап қою тәртібінде сотқа жүгінуге қоғамның мүмкіндігі жатады. Мысалы, экологиялық құқық бұзушылық салдарынан шығындарды өтеу туралы, салдарын жою және моральдік зиянды өтеу туралы жүгіну, сонымен қатар мемлекеттік билік, жергілікті өзін өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлердің шешімдерін және әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) даулау туралы жүгінулер. Бұл ретте талап қоюды және өтініштерді қарау мерзімдері бір айдан бастап екі айға дейін қала береді. Заңнамамен талап қоюды қамтамасыз ету, яғни талап қойған кезде сотқа талапты қамтамасыз ету туралы өтінішпен жүгіну сияқты құқықтық

қорғаудың түрі көзделген.

5-тармаққа қатысты:

Сот отырысының хаттамасын құрастыру сапасын арттыру мақсатында барлық залдарда электрондық хаттама жасау мүмкіндігі бар заманауи технологиялар негізінде жаңа буынның сот процестерін аудио, - бейне бақылау (АББ) жүйелері орнатылған. Залдардың республика бойынша жаңа АББ жүйесімен жабдықталуы 100% құрайды.

Сот өндірісінің қатысушыларына электронды хабарлама беру тиімді жұмыс істейді.

Сот жүйесінің жұмысындағы басты трендтердің бірі әлеуметтік желілерде сот аккаунттары арқылы өтінішті жедел шешу болып табылады. сол сияқты осы мақсатта Жоғарғы Соттың Call-орталығы қолданылады, онда өткен мерзімде 44 мыңнан астам қоңырау түскен.

Сот әділдігіне қол жеткізу, мемлекеттік баж салықтарын және әкімшілік айыппұлдарды төлеу уақытын қысқарту мақсатында жергілікті соттарда ақшаны қолма қол түрінде қабылдау бойынша төлем терминалдарын орнату бойынша жоба жүзеге асырылған.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Салық Кодексі қолданысқа енгізілді.

Осы Кодекстің 616-бабының 8), 28) тармақшаларында соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылатыны белгіленген:

- табиғат қорғау заңнамасын бұзумен мемлекетке келтірілген залалды өтеу есебінен мемлекет кірісіне қаражат өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша талап қоюшылар;

- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау туралы, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделері үшін талап қоюшылар (өтініш берушілер).

Сот отырыстары бейнеконференцбайланыс арқылы, сондай-ақ скайп арқылы нақты уақыт режимінде өткізіледі, үздіксіз байланысқа ие. Осылайша тараптардың әлемнің кез келген нүктесінен (Вашингтон, Лондон, АҚШ, Франция, Англия және т.б.) сот процестеріне тікелей қатысуы қамтамасыз етіледі.

XXIX. 9-бапты орындау кезінде туындаған кедергілер

9-баптың кез келген тармағындағы ережелерді орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді атаңыз.

Жауап: осы жауаптың нұсқасы ескірген

ОК 9-бабындағы кез келген тармағын орындау үшін кедергілер жоқ.

ОК 9-бабының 1-тармағына сәйкес қарау рәсімі сотта немесе басқа «заңға сәйкес құрылған тәуелсіз және бейтарап органда» орындалуы тиіс екенін атап өткен жөн. Тәуелсіз және бейтарап органның тұжырымдамасы Адам құқығын және басты бостандықтарын қорғау туралы конвенция аясында жақсы дайындалған. «Тәуелсіз және бейтарап» органдар міндетті түрде сот болуы тиіс емес, бірақ олар квазисоттық қызметті орындауы, тиісті процесті қамтамасыз ету бойынша кепілдері болуы, биліктің кез келген тармағы әсер етуіне бағынбайтын және қандай да бір жеке қызмет субъектісімен байланысты болмауы тиіс.

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға байланысты даулар негізінен соттарда қаралады. Алайда, бұл Экологиялық кодекстің 323-бабымен көзделгендей дауды соттан тыс реттеуді жоққа шығармайды.

Мысалы, осы Кодекстің 126-бабымен белгіленген ережелер бойынша сотқа экологиялық бақылауды орындауға уәкіл етілген лауазымды тұлғаның шешімі, әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша шағыммен жүгіну үшін мүдделі тұлға осы лауазымды тұлғаға немесе жоғарғы мемлекеттік органға алдын ала жүгінуі тиіс.

Жоғарғы Соттың «Азаматтық істер бойынша экологиялық заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 25 қарашадағы №8 «Азаматтық істер бойынша ҚР экологиялық заңнамасын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында соттардың экологиялық заңнама нормаларын қолдану практикасы түсіндіріледі. Бұл нормалар азаматтардың және жалпы ұйымдардың экологиялық ақпарат алуға, ОК сәйкес арабосудияға қол жеткізуге, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына зиян келтіретін шаруашылық және өзге де қызметті шектеуге және/немесе тоқтата тұруға, тоқтатуға қатысты.

XXX. 9-бап ережелерін тәжірибелік орындау туралы қосымша ақпарат

9-бапқа сәйкес сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты ережелерді тәжірибелік қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз. Мысалы, қоршаған орта мәселелерінде сот әділдігі туралы қандайда бір статистикалық мәліметтер бар ма және сот әділдігіне кедергі келтіретін қаржылық немесе басқа кедергілерді жою немесе азайту үшін көмек көрсетудің қандай да бір механизмдері бар ма.

Жауап: Заңдарда кешенді талдау жасау, соның ішінде жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге заңды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласында құқықтары бойынша ережелерге талдау жасау толығымен ОК ережелерін Қазақстанда қолдану бойынша судьяларға арналған оқыту-тәжірибелік құралда жасалған. Ақпарат көзі ЭК 13 және 14 баптары, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 12 және 13 баптары болып табылады. Су кодексінің 62-63 баптарына, Орман кодексінің 66-бабына жүгінуге болады. «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңының 19-21 бабтарына. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 13-бабына.

Бұл құқықтар белгілі зиян келтірген кезде нақты азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы қуынымдар бойынша ғана сот әділдігіне қол жеткізуге жатпайды (ЭК 14-бабы 1-бөлігі 11-тармағы және 1-тармақшасы және Жоғарғы Соттың «Азаматтық істер бойынша соттармен экологиялық заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 15-тармағы). «...әкімшілік немесе сот тәртібінде кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге экологиялық қауіпті нысандарды орналастыру, салу, қайта құрылымдау және қолданысқа енгізу туралы шешімдерді жою талаптарын қойған жағдайда ғана емес. Қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсерін тигізетін шаруашылық және өзге қызметтерін шектеу, уақытша тоқтату және тоқтату туралы шешімдер», тұлғалардың белгісіз шеңберінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау.

Жоғарғы Сотпен құқықтық статистиканы жүргізу бойынша уәкілетті органмен бірге қоршаған орта саласындағы жеке тұлғалар мен қоғамдық экологиялық ұйымдардың қуынымдары және өтініштері бойынша статистикалық мәліметтерді жинауды және есепке алуды оңтайландыру бойынша шаралар қабылданады. Бұл ретте қоғамдық бақылау тәртібінде экологиялық қоғамдық бірлестіктермен статистикалық мәліметтер тексеріледі, бұл экологиялық даулар бойынша барлық сот актілеріне мониторинг жасауға мүмкіндік береді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес республика бойынша бірінші сатылы соттармен қоршаған ортаны қорғау қуынымдары бойынша келесі өндіріспен аяқталған:

2017 жылы 316 іс түскен, шешім шығарумен 250 іс қаралған, соның ішінде ОК нормаларын қолданумен – 16. 2018 жылы 245 іс түскен, шешім шығарумен 147 іс қаралған, (ОК нормаларын қолданумен – 4). 2019 жылы – 560 іс, шешім шығарумен 274 іс қаралған (ОК нормаларын қолданумен – 7), 2020 жылы – 432 іс, шешім шығарумен 228 (ОК нормаларын қолданумен – 1) іс қаралған.

Сот тәжірибесінен мысалдар

1. Алматы қ.шағын ауданының тұрғындары «Жер қатынастары басқармасы» КММ өтініш білдіріп, онда «У.» ЖК мен «АТС» ЖШС шаруашылық қызметін сот тәртібімен тоқтатуды, «У.» ЖК тұрғын емес үй-жайда санитариялық-қорғаныш аймағын орнатуды талап ететін қауіпті, зиянды өндірістік қызметті орналастыруға және айналысуға тыйым салуды сұрады.

Аталған өтініш «Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» КММ қайта жолданды, оларға мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне сәйкес нысаналы мақсаты бар жер учаскесі тұрғын емес үй-жайға меншік құқығында «У.» азаматқа тиесілі екендігі және ол мақсатына сәйкес қолданылатыны туралы жауап берілді. Жер кодексінің 109-бабының 1-тармағына сәйкес, жер учаскесі бір функционалдық аймақ шеңберінде пайдаланылған жағдайда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту талап етілмейді.

Экологиялық қауымдастық «З» ҚБ тұрғындардың мүддесі үшін сотқа жүгінді, жауапта берілген ақпарат дұрыс емес екенін, «Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ мәліметтеріне қайшы келетінін көрсетті; жалған ақпарат беру жөніндегі әрекетті заңсыз деп тануды сұрады, сұратылған ақпаратты экологиялық қоғамға беру міндеті жүктелді.

Аудандық соттың 2019 жылғы 20 мамырдағы шешімімен арызды қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені дау айтылған іс-әрекеттер мемлекеттік органның құзыретіне жатпайды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, іс бойынша Қоғамның өтінішін қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды. Жауапта дұрыс емес ақпарат беру, жіберілген бұзушылықты толық көлемде жою міндетін жүктеу заңсыз деп танылды.

Жоғарғы Соттың «Соттардың азаматтық істер бойынша экологиялық заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» № 8 нормативтік қаулысының 18-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар экологиялық ақпарат беру туралы жұртшылықтың өтініші бойынша оны ОК 21-тарауының, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның және ОК 4-бабының талаптарын ескере отырып беруге тиіс.

Уәкілетті органның дау айтылған жауаптағы дәлелдері жер учаскесіне тексеру жүргізбестен, мекен-жайға бармай - ақ келтірілген, ешқандай құжаттармен расталмаған, осыған байланысты сот алқасы мәлімделген талаптардың негізділігі туралы қорытындыға келді.

Кассациялық тәртіппен сот актілеріне шағым жасалмаған.

2. «Экология департаменті» РММ сотқа «Қ» ЖШС, «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын қайтарып алу, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттан айыру, полигонды жою жобасы әзірленгенге дейін және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілгенге дейін құрамында мұнайы бар қалдықтар мен бұрғылау қалдықтарын қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға арналған полигонның қызметін тоқтата тұру туралы талап-арызбен жүгінді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы ұйғарымымен іс бойынша іс жүргізу мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын кері қайтарып алу туралы талаптар бөлігінде тоқтатылды, өйткені көрсетілген іс-әрекеттер соттың құзыретіне кірмейді.

Осы соттың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен талап арыздар қанағаттандырылды, «Қ» ЖШС қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттан айырылды, полигонды пайдалану жөніндегі қызмет тоқтатылды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Сот 4 алаңы бар полигонда Серіктестік жобалық шешімде көзделмеген қалдықтарды сақтау; қалдықтарды толық көлемде қайта өңдеу (бұрын пайда болған қалдықтарды азайту мақсатында); қалдықтар нормативтен тыс орналастырылғанын анықтады.

Мемлекеттік экологиялық инспектордың 2019 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысымен «Қ» ЖШС ӘҚБтК-нің 328-бабы бойынша 30 АЕК көлемінде айыппұл салынды. Қаулы дауланбаған және заңды күшіне енген.

ЭК 293-бабының 5-тармағына сәйкес қауіпті қалдықтарды сақтау және көму шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне жатады. Қауіпті қалдықтарды сақтау және көму орындары экологиялық қауіпті объектілер

болып табылады.

Сот полигонның кемінде 1 000 метр санитариялық-қорғаныш аймағы бар қауіптіліктің 1-классына жататынын анықтады. Бұл ретте, ЭК 71-бабының 3-тармағын бұза отырып, эмиссияға рұқсатты Департамент емес, Басқарма берген.

ЭК 300-бабының 11-тармағына сәйкес полигонның меншік иесі полигон жабылғаннан кейін жерді рекультивациялау және қоршаған ортаға әсер ету мониторингі жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін жою қорын құрады.

Полигонды жою қорынсыз пайдалануға тыйым салынады.

Сонымен бірге серіктестік құрамында мұнайы бар қалдықтарды қайта өңдеу және құрамында мұнайы бар қалдықтар мен бұрғылау қалдықтарын кәдеге жарату жөніндегі полигонды жою жөніндегі тиісті жобаны әзірлеген жоқ, тиісінше ол бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілген жоқ.

Кассациялық тәртіппен сот актілеріне шағым жасалмаған.

3. «Мемлекеттік ұлттық табиғи парк» РММ шарт негізінде «Т» ЖШС жер учаскесін 49 жыл мерзімге ұзақ мерзімді пайдалануға берді. Шартты орындау шеңберінде және сәулет-жоспарлау тапсырмасы негізінде «Құрастырмалы-жиналмалы конструкциялардан жеке тұрған модульдік ғимарат салу» эскиздік жобасы бекітілді.

Экологиялық қоғам «З» ҚБ «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» РММ атына талаптармен хат жолдады:

- А шатқалында жүзеге асырылатын жұмыстар туралы толық және сенімді ақпарат беру (жобалау-сметалық құжаттама, қоршаған ортаға әсерді бағалау, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы);

- құрылыс салушыда барлық тиісті құжаттаманың болуын тексеру мақсатында құрылыс жұмыстарын тоқтату;

- құрылыс салушының жұмыстарды жүргізуге заңды құқығы болмаған жағдайда оны әкімшілік жауапкершілікке тарту, құрылысқа тыйым салу және құрылыс салушыны залалды заттай түрде өтеуге міндеттеу.

Жауап ретінде Комитет аталған шатқалдағы құрылыс жұмыстары ұлттық парктің туризм инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспарына және туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін учаскелерді ұзақ мерзімді пайдалану шартына сәйкес жүргізіліп жатқанын хабарлады. Бұл ретте пайдаланушының эскиздік жобаны, жалпы түсіндірме жазбаны және АЖТ келісу үшін ұлттық паркке ұсынғаны туралы хабарланды. Өтініш берушіге Серіктестік нақтылаушы геология жүргізіп жатқандығы, топырақ емес, үлкен тастар алынғандығы туралы да ақпарат берілді; барлық құрылыстар уақытша болып табылады; пайдаланушының Шарт талаптарын сақтауына байланысты ұлттық паркте ұсынылған учаскедегі жұмыстарды тоқтата тұру үшін негіздер жоқ.

Қоғам Комитеттің іс - әрекетіне шағымданып, жауапкер талапкердің талабы бойынша толық және анық экологиялық ақпаратты ұсынбағанын, сол арқылы заңнама талаптары мен халықаралық шарт - ОК нормаларын бұзғанын көрсетті.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2020 жылғы 14 қыркүйектегі шешімімен талап қанағаттандырылды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Сот отырысында бірінші кезеңде құрылыстарды салу үшін абаттандыру, көгалдандыру және құрылыс элементтерінсіз дайын конструкциялардан жеңіл құрастырылатын модульдерді орнату бойынша дайындық жұмыстары көзделгені анықталды. Яғни, осы кезеңде қоршаған ортаға әсер етумен байланысты емес жұмыстарды жүзеге асыру үшін қоршаған ортаға әсерді бағалауды әзірлеу және мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын алу талап етілмейді.

Осыған байланысты сот жауапкер талапкердің өтініші бойынша толық және сенімді экологиялық ақпарат берді деген қорытындыға келді.

Сот талапкердің дәлелдерін негізсіз деп қабылдамады, өйткені бұл жағдайда жауапкердің қоршаған ортаға әсерді бағалауды және олардың болмауына байланысты мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беруге мүмкіндігі болмады.

4. «Э» қоғамдық бірлестігі «Энергетика министрлігі» ММ, «Мемсараптама» РМК сотқа қауіпті қалдықтарды жіктеу және паспорттар

жасау, шарт және қосымша келісім жасау жөніндегі іс-әрекеттер мен шешімдерді заңсыз деп тану, «Қауіпті қалдықтарды (химиялық және өнеркәсіптік қалдықтарды, шлам жинақтағыш қалдықтарын) жоюға арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу», «қоршаған ортаға әсерді бағалау» жұмыс жобасы бойынша бөлігінде, 2017 жылғы 27 желтоқсандағы сараптаманың оң қорытындысын кері қайтарып алу туралы өтінішпен жүгінді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2019 жылғы 25 ақпандағы ұйғарымымен жауапкерлердің қауіпті қалдықтарды жіктеу және қауіпті қалдықтардың паспорттарын жасау жөніндегі әрекеттері мен шешімдерін заңсыз деп тану туралы 2017 жылғы 30 қарашадағы талабы қараусыз қалдырылды.

Осы соттың 2019 жылғы 25 ақпандағы ұйғарымымен 1 - санаттағы объектіге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу бөлігінде шартты және қосымша келісімді жасасу жөніндегі іс жүргізу тоқтатылды.

Соттың 2019 жылғы 25 ақпандағы «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бөлігінде жұмыс жобасы бойынша іс-әрекеттерді заңсыз деп тану туралы өтінішті және оң қорытынды беру жөніндегі шешімді қанағаттандырудан және оң қорытындыны кері қайтарып алудан бас тартылды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 4 ақпандағы қаулысымен апелляциялық сатыдағы қаулының күші жойылды, іс апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберілді.

Осы алқаның 2020 жылғы 4 ақпандағы жеке ұйғарымымен тиісті ден қою шараларын қабылдау үшін анықталған фактілер туралы ЭГТРМ назарына жеткізілді.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 9 сәуірдегі қаулысымен жаңадан қаралған кезде 2019 жылғы 25 ақпандағы сот шешімінің күші жойылып, жаңа шешім шығарылды. Талап қанағаттандырылды, «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бөлігінде жұмыс жобасы бойынша оң қорытынды беру жөніндегі іс-әрекет пен шешім заңсыз деп танылды. «Мемсараптама» РМК жұмыс жобасы бойынша оң қорытындыны қайтарып алу міндеті жүктелген.

Апелляциялық сатыдағы сот соттың заңды күшіне енген шешімдерімен бұрынғы химия зауытының аумағында орналасқан химиялық және тұрмыстық қалдықтар иесіз деп танылғанын және республикалық меншікке түскенін анықтады.

2017 жылғы 15 қарашада Министрлік пен «Мемсараптама» РМК арасында жоғарыда көрсетілген химия зауытының аумағында орналасқан «Қауіпті қалдықтарды (химиялық және өнеркәсіптік қалдықтарды, шламжинағыш қалдықтарын) жоюға арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге шарт жасалды.

«Мемсараптама» РМК нәтижелері бойынша оң қорытынды берілді, оның қорытындыларымен экологиялық қоғам келіспеді.

Осылайша, жұмыс жобасында қалдықтарды зауыт аумағынан шығару және оларды «жаңа» шламжинағыш аумағында орналасқан арнайы дайындалған 9 картада жою (көму), сондай - ақ қолданыстағы екі «жаңа» және «ескі» шламжинағышын қалпына келтіру көзделеді.

Апелляциялық сот алқасы сот шешімінің күшін жойып, талапты қанағаттандырып, келесі қорытындыға келді:

- экологиялық қатынастарды реттеу кезінде экожүйелік тәсілді бұза отырып, сот шешімімен иесіз деп танылған және республикалық меншікке түскен химиялық және тұрмыстық қалдықтар ғана жоюға жатады;

- химиялық зауыт (экологиялық қауіпті объект ретінде) уәкілетті органның мониторинг объектісі болып табылмайды;

- жоба қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлігінде қауіпті қалдықтарды бұрынғы зауыттың шлам жинақтаушыларында көмуді жүзеге асыруды ұсынады, ал қауіпті қалдықтарды көму тек арнайы жабдықталған полигонда жүзеге асырылуы мүмкін;

- жоба Бюджеттік инвестициялық жобаға жатады, сондықтан жобалау алдындағы құжаттамалар, техникалық-экономикалық негіздеме сараптамадан өтуі тиіс;

-жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленбегендіктен, қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау жүргізілген жоқ;

- бағалау жобасында қауіпті қалдықтардың шаң тәрізді бөліктерінің оларды өткізу кезінде атмосфералық ауаға шығарындыларының көлемі айқындалмаған, қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайту жөніндегі іс-шаралар көзделмеген.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы соттарының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі және 19 қазандағы қаулыларымен апелляциялық сатыдағы сот қорытындыларының заңдылығына байланысты Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының сот отырысында қарау үшін Министрлік пен үшінші тұлғалардың апелляциялық сатыдағы қаулыны қайта қарау туралы өтінішхаттарын беруден бас тартылды.

5. «Экология департаменті» РММ сотқа «СП» ЖШС-ға 189 млн. теңге мөлшерінде залалды өтеу туралы талап арызбен жүгінді, себебі жауапкер автомобиль жолы учаскесінің құрылысын қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатсыз жүзеге асырды, осыған байланысты жалпы көлемі 215,88 тонна атмосфераға ластанушы заттардың өз бетінше шығарылуына жол берілді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2020 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен талап қанағаттандырылды. «СП» ЖШС мемлекет кірісіне 189 млн. теңге мөлшерінде залал өндірілді.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен шешім өзгеріссіз қалды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 13 қазандағы қаулысымен сот актілерінің күші жойылды, Іс бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберілді.

Кассациялық саты Департаменттің талап-арызын қанағаттандырған кезде жергілікті соттар залалдың нақты сомасын белгілемегенін, есеп айырысуларды жүргізбегенін және Департаменттің есептеріне және сарапшының қорытындысына баға бермегенін көрсетті. Залал сомасын бағалаудағы қарама-қайшылықтарға қарамастан, жауапкердің қосымша сараптама тағайындау туралы өтінішхаты мен сарапшының пікірі негізсіз қабылданбады.

Жаңа қарау кезінде бірінші сатыдағы сотқа АПК 15-бабына сәйкес тараптардың бұзылған құқықтарды қорғауды іске асыруы үшін жағдай жасау, тараптар ұсынған дәлелдемелерді толық және жан-жақты зерттеу, қосымша сараптама тағайындау туралы мәселені қарау, қажет болған жағдайда үшінші тұлғалар-автомобиль жолын салу жөніндегі барлық қосалқы мердігерлерді тарту тапсырылды.

Іс қаралуда.

XXXI. 9-бапты орындауға қатысы бар веб сайттардың мекенжайлары

Сәйкес веб сайттар болса көрсетіңіз:

www.e.gov.kz , www.aarhus.kz, www.supcourt.kz,www.procuror.kz, www.fiec.kz,
www.greensalvation.org, <http://www.supcourt.kz/index.php>

2007 жылдан бастап Жоғарғы Соттың Web-сайтында «Халықаралық ынтымақтастық» бөлімінде «ОК ережелерін жүзеге асыру» парақшасы ашылған, онда: қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер; ОК тараптарының кеңесу жұмыстары туралы баяндамалар; ОК пайдалану бойынша құралдар; қоршаған ортаны қорғауға байланысты соттармен талаптарды қарау жайлы статистикалық мәліметтер және судьялар мен қоғам үшін басқа пайдалы материалдар орналасқан.

10–22 баптар ұлттық орындауға жатпайды.

XXXII. Конвенция мақсатына қатысты жалпы түсініктемелер

Егер орынды болса, Конвенцияны орындау қазіргі және келешек буынды оның денсаулығы мен саулығы үшін жағымды қоршаған ортада өмір сүру құқығын қорғауға қалай әрекет ететінін көрсетіңіз.

Жауап: ОК ҚР қоғамдық ұйымдарына және азаматтарға экологиялық құқықтардың халықаралық қорғау механизмдерін қолданудың қажетті тәжірибесін, ал мемлекеттік органдарға – халықаралық сатыда сақтамаудың болжамды деректерін қарау тәжірибесін ұсынады. Сонымен қатар, ОК талаптарын сақтау арқылы азаматтардың конституциялық құқықтары жүзеге асырылады, мемлекеттік органдармен экологиялық ақпаратқа қоғамның қол жеткізуін жақсарту, қоршаған ортаға әсер ететін шешімдерді қабылдау кезінде қоғамдық пікірді есепке алу және қоғам үшін түрлі кәсіпорындармен және мемлекеттік органдармен табиғатты қорғау заңнамасының бұзушылықтарына шағым келтіру мүмкіндіктерін жеңілдету жоспарында қабылдануы тиіс әрекеттер және шаралар нақтыланады. Заңнамалық алаңды жақсарту және қоғамның қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде хабардар болуын өсіру дерегі маңызы зор болып табылады.

XXXIII. Генетикалық түрлендірілген ағзаларға тиісті 6-бис бабының ережелерін және I-бис қосымшасының ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шаралар

Қоғамның қоршаған ортаға генетикалық түрлендірілген ағзалардың қасақана босатылуына және нарықта сатылуына қатысты шешімдерді қабылдауда қатысуына қатысты 6-бис бабының ережелерін орындау бойынша заңнамалық, нормативтік және басқа шараларды сипаттап, келесіні сипаттаңыз:

а) 6-бис бабының 1-тармағына қатысты және:

- i. I-бис қосымшасының 1-тармағына – Тараптың 6-бис бабының ережелеріндегі әрекетке түсетін шешімдерге байланысты қоғамның қатысуын және оларға ақпаратты тиімді ұсынуды қамтамасыз ету үшін Тараптың нормативтік-құқықтық базасына кіретін шаралар;
- ii. I-бис қосымшасының **2-тармағына** – I-бис қосымшасында баяндалған қоғамның қатысу рәсіміне қатысты Тараптың нормативтік-құқықтық базасында көзделген кез келген ерекшеліктер, және осындай кез келген ерекшелік үшін белгілер;
- iii. I-бис қосымшасының **3-тармағына** – қоғамға түйіндемені баламалы, уақытылы және тиімді ұсыну мақсатында қабылданған шаралар. Осындай генетикалық түрлендірілген ағзаларды әдейі босатуға немесе нарықта сатуға рұқсатты алу, сонымен қатар Бағалау туралы баяндаманы алу мақсатында бағытталған хабарламалар, егер ондай болса;
- iv. I-бис қосымшасының **4-тармағына** – осы тармақта келтірілген ақпарат кез келген жағдайда құпия ретінде қаралмайтындай етіп қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шаралар;
- v. I-бис қосымшасының **5-тармағына** – шешімдерді қабылдау рәсімдерінің ашықтығын және қоғамға рәсімдік сипаттағы сәйкес

ақпаратты, соның ішінде, мысалы, келесі сияқты аспектілер туралы ақпаратқа қол жеткізуді ұсынуды қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар:

- a. мүмкін болатын шешімдердің сипаты;
- b. шешімді қабылдау үшін жауапты мемлекеттік орган;
- c. I-бис қосымшасының 1-тармағын орындау үшін құрылған қоғамның қатысу механизмдері;
- d. сәйкес ақпарат алынуы мүмкін мемлекеттік орган;
- e. ескертулер ұсынуға, және ескертулерді жіберу мерзімдері ұсынуға болатын мемлекеттік орган;
- vi. I-бис қосымшасының **6-тармағына** – I-бис қосымшасының 1-тармағына сәйкес құрылған рәсімдер қоғамға кез келген сәйкес түрде жоспарланып отырған әдейі босату немесе нарықта сату үшін маңызды деп есептейтін кез келген ескерулерді, ақпаратты, талдау нәтижелерін немесе пікірді ұсынуға мүмкіндік беру үшін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- vii. I-бис қосымшасының **7-тармағына** – I-бис қосымшасының 1-тармағын орындауда ұйымдастырылған қоғамның қатысу рәсімдерінің қорытындысын тиісті есепке алынуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- viii. I-бис қосымшасының **8-тармағына** – I-бис қосымшасының ережелеріне түсетін қандай да бір мемлекеттік органмен қабылданатын шешімдердің мәтіні, сонымен қатар олар негізделген себептер мен пікірлер қоғамның қаперіне жетуін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;

b) 6-бис бабының **2-тармағына** қатысты – I-бис қосымшасының ережелеріне сәйкес қалыптасқан талаптары қалай Тараптардың ұлттық биоқауіпсіздік жүйесін толықтырады және өзара қолдайды және Биотүрлілік туралы конвенцияға Биоқауіпсіздік бойынша Картахен хаттамасының мақсаттарымен келісіледі.

Жауап:

Алғаш рет ГТА мәселелері Қазақстанның заңнамасына 2000-шы жылдардың ортасында қосылды. Осы процестің басталуына үкіметтік емес ұйымдармен ұйымдастырылған «ГТА еркін Қазақстан үшін» кампаниясы ықпал етті. Осы кампания аясында ГТА мәселелеріне қоғамның басым бөлігінің назарын аударуға бағытталған жұмыс жасалды. семинарлар өткізу, БАҚ жариялау, ғылыми шеңберлермен, тұтынушылар қоғамдарымен әріптестік ету, Президентке, Премьер-министрге жүгіну, қазақстандық нарыққа мониторинг жасау, қоғамдық пікірді зерттеу ұйымы, өнімдерде ГТА қолданатын трансұлттық бірлестікке қарсы сот талаптары – осының бәрі шешім қабылдайтын тұлғалар тарапынан ГТА мәселесіне әсер етті. Дәл осы кезеңде заңнаманың даму бастамасы байқалады.

Осылайша, Қазақстанда ГТА реттеу мәселелеріне жұртшылықтың белсенді қатысуы адам құқықтарын, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы деп жариялаған ел Конституциясының нормаларына сүйенетін ҚР заңнамалық базасының дамуына ықпал етті (1-бап), оның Денсаулық сақтау құқығы (29-бап).

Келесі құқықтық актілер Қазақстандағы ГТА реттейді.

- Экологиялық Кодекс;
- «Тұрғындардың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заң;
- «Биологиялық түрлілік туралы конвенцияға жасалған Биоқауіпсіздік бойынша Картахен хаттамасын ратификациялау туралы» Заң;
- «Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Заң;
- «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заң;
- «Агроөнеркәсіптік кешендерін және ауыл аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң;

- «Тұқым шаруашылығы туралы» Заң;
- Генетикалық түрлендірілген нысандардың қауіпсіздігін ғылыми негіздеп растау бойынша жұмыстарды өткізу ережелері. Үкіметтің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 346 қаулысы;
- Генетикалық түрлендірілген нысандарды айналдыру ережелері. Үкіметтің 2008 жылғы 27 маусымдағы N 630 қаулысы;
- «Гендік түрлендірілген (трансгенді) өсімдіктер мен жануарлардан алынған тамақ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламент. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі N 969 қаулысы;
- Кедендік одақтың «Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін қабылдау туралы. Кедендік одан комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімі;
- Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге қызмет түрлерінің тізімін бекіту туралы. Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 27 бұйрығы;
- Биологиялық белсенді қоспалар айналымының ережелерін бекіту туралы. Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №297 бұйрығы.
- «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерін бекіту туралы. Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 бұйрығы.
- «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерін бекіту туралы. Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы. Жоғарыда аталған құжаттардан биоқауіпсіздік жүйесінің негізін құратын Қазақстандағы ГТА айналымын реттейтін келесі өзекті сәттерін белгілеуге болады:
- тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіретін ГТА және ГТ-өнімдер;
- генетикалық түрлендірілген дәндерді сатуға және егуге тыйым салу;
- ГТА балық шикізатына тыйым салу;
- білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында ГТА сатуға тыйым салу;
- тамақ өнімдерінде ГТА болуы туралы сатып алушыға ақпарат беру және міндетті түрде таңбалау;
- ГТА өндірісі экологиялық қауіпті шаруашылық қызметінің түрлеріне жатады;
- ГТА құру, шығару және өндіру ғылыми негіздеудің, мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындысын талап етеді;
- ГТА өндірісі кезінде міндетті экологиялық сақтандыру;
- ГТА міндетті тіркеу және ГТА мемлекеттік тізілімін енгізу;
- Зертханалық зерттеулер барысында ГТА алынған тамақ өнімдерінің тәуекелін бағалау;
- Тамақ өнімі қайда және қайдан сатылғанын бақылауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылық өндірушілері үшін нарықтан кейінгі мониторинг жүйесін енгізу;
- ГТА айналымы кезінде ГТА қауіпсіздігін растау және қамтамасыз ету. ГТА бойынша Алматы Түзетуін ратификациялауға байланысты қызмет 2015 жылдан бері әрекет етеді. ҚОҚ АТО техникалық тапсырмасына сәйкес Түзетуді ратификациялау мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсетеді. Аталған мерзімде профильдік ұйымдармен және ведомстволық құрылымдармен келісудің жалпы рәсімдері өткізілді, ғылыми сараптамалар мен сараптамалық қорытындылар алынды. Түзетуді ратификациялау 2020-2022 жж. жоспарланған.

XXXIV. 6-бис бабын және I-бис қосымшасын орындау кезінде туындаған кедергілер

6-бис бабының және I-бис қосымшасының кез келген тармағындағы ережелерді орындау кезінде туындаған кез келген кедергілерді көрсетіңіз.

Жауап ОК ГТА бойынша Алматы Түзетулерін ратификациялаудың мемлекет

ішіндегі рәсімдерін аяқтау қажет. Жауапты атқарушы орган қоршаған ортаға ГТА әдейі босату және нарықта сату туралы шешімдерді қабылдау процестерінде қоғамның қатысу рәсімдерін дайындау және енгізуге байланысты бір қатар мәселелерді, сонымен қатар Картаген хаттамасының ережелерін жүзеге асыру бойынша атқарушы органмен әрекеттесу жөніндегі мәселелерді шешу керек.

XXXV. 6-бис бабының және I-бис қосымшасының ережелерін тәжірибелік жүзеге асыру туралы қосымша ақпарат

Қоршаған ортаға генетикалық түрлендірілген ағзаларды әдейі босату және нарықта сату туралы шешімдерді қабылдауда қоғамның қатысуына қатысты 6-бис бап ережелерін тәжірибелік қолдану туралы қосымша ақпаратты ұсыныңыз. Мысалы, осындай шешімдерді қабылдауда қоғамның қатысуы туралы немесе осы қосымшада белгіленетін қоғамның қатысу рәсімдеріне қатысты ерекшеліктер ретінде I-бис қосымшасының 2-тармағы аясында қарастырылатын шешімдер туралы қандай да бір статистикалық мәліметтер немесе өзге ақпарат бар ма.

Жауап:

XXXVI. 6-бис бабын орындауға қатысты веб сайттардың мекенжайлары

Бар болса сәйкес веб сайттардың мекенжайларын, соның ішінде генетикалық түрлендірілген ағзаларға қатысты шешімдер мен босатулар тізілімдері салынатын веб сайттардың мекенжайларын көрсетіңіз:

www.ecogofond.kz, www.biocenter.kz, www.fao.org, www.ecoforum.kz,
www.edu.gov.kz, www.dsm.gov.kz

XXXVII. Орындау мәселелеріне байланысты кейінгі шаралар

Баяндаманы және Комитеттің орындау мәселелері бойынша кез келген кеңестерін қараудан кейін Тараптардың Кеңесі өзінің келесі сессиясында шараларды қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайда. Сіздің еліңізбен белгіленген талаптарды орындауға қатысты көрсетуді сұраймыз: а) осы шаралар неден тұрады; және б) сіздің еліңізбен осы шараларды Конвенция ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін орындау мақсатында қандай нақты әрекеттер қабылданады.

Қажет болса сәйкес бөлімдерге сілтемелерді қосуды сұраймыз.

Жауап:

Конвенция азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар ОК орындау мәселелері жөніндегі комитет халықаралық сатыға оны сақтамау деректері бойынша өтініштермен жүгіну құқығына ие болатын ратификацияланған халықаралық шарттардың бірі болып табылады. Мұндай мүмкіндік қазақстандық азаматтармен және экологиялық ұйымдармен белсенді қолданылады.

ОК тараптарының бесінші кеңесінде 2014 жылы Конвенция бойынша Қазақстанның өз міндеттемелерін сақтауы туралы V/9i шешім шығарылды. Қазақстан шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуына қатысты

Конвенцияның 6-бабының 2, 6, 7 және 9-тармақтарын сақтамайтыны атап өтілді. Жыл сайын Қазақстанның сақтау жөніндегі комитетіне ұсынымдарды жүзеге асырудағы одан әрі ілгерілеу туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады.

Осылай, 2016 жылғы 8 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», оның ішінде ОК мәселелері бойынша заңға қол қойды.

2017 жылы ОК тараптарының алтыншы кеңесінде Қазақстанға Конвенция бойынша (Будва, Черногория) Қазақстанның өз міндеттемелерін сақтауы туралы VI/8g шешімі шығарылды. Атап айтқанда, Қазақстан шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуына қатысты Конвенцияның 6-бабының 2, 6, 7 және 9-тармақтарын сақтамайтыны атап өтілді.

АССС/С/2013/88 хабарламасына қатысты Комитет келесі қорытындыларды қабылдады:

а) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мүдделі жұртшылық Конвенцияның 6 - бабының 2 а) - е) тармақтарында аталған барлық мәселелер туралы барабар, уақтылы және тиімді хабардар етілуін қамтамасыз етпей, тиісті Тарап Конвенцияның 6 - бабының 2-тармағының талабын қолданыстағы заңнама тұрғысынан да, сондай-ақ жұртшылықтың қатысу рәсіміне қатысты, атап айтқанда, "Көк Жайлау" тау шаңғысы курортын салу жағдайында да орындамаған»;

б) тау шаңғысы курортына қатысы бар қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың дайындалуы мен тиімді қатысуы үшін жеткілікті мерзімді қамтамасыз етпей «Көк Жайлау», тиісті Тарап Конвенцияның 6-бабы 3-тармағының талабын орындамады;

с) өзінің заңнамалық базасында Конвенцияның 6 және 7 - баптары шеңберінде шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысу нәтижелерін тиісінше есепке алудың нақты талаптарын белгілеместен, тиісті Тарап Конвенцияның 6-бабының 8-тармағымен жиынтықта 6-баптың 8-тармағының және 7-бабының сақталуын қамтамасыз етпеді;

д) қоршаған ортаға қатысты жоспарларды, бағдарламаларды және саясатты дайындауға жұртшылықтың қатысуы туралы тиісті практикалық және / немесе басқа да ережелерді қабылдамай, тиісті Тарап Конвенцияның 7-бабының тұтастай сақталуын қамтамасыз етпеді;

е) «Алматы облысында және Алматы қаласының маңында әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту жоспарын» әзірлеуге және жүзеге асыруға қоғамның ерте кезеңде тиімді қатысу мүмкіндігін көздемей, тиісті Тарап Конвенцияның 6-бабының 3, 4 және 8-тармақтарымен үйлестіре отырып, 7-баптың сақталуын қамтамасыз етпеді;

а) Конвенцияның 6-бабының 2-тармағын орындау үшін Қазақстанның ұлттық заңнамасында мынадай нормалар көзделген:

Экологиялық Кодекстің 57-2-бабында Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізгенге дейін жиырма күн бұрын көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және осы қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа интернет-ресурс арқылы, сондай-ақ хабарлаудың өзге де тәсілдерін пайдалана отырып, ашық қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігі белгіленген.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелерінде қарастырылған:

- жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Қоғамдық тыңдаулар» арнайы айдары құрылады;

- жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізгенге дейін жиырма күн бұрын көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және осы қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа интернет-ресурс арқылы, сондай-ақ ақпарат берудің өзге де тәсілдерін пайдалана отырып, ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

- тапсырыс беруші жергілікті атқарушы органмен Қоғамдық тыңдауларды өткізу уақыты мен орнын, мүдделі жұртшылықтың алдын ала тізбесін алдын ала

келіседі және оны ақпараттандырудың неғұрлым тиімді тәсілдерін (БАҚ-тағы хабарландырулар, ақпараттық парақтар, стендтер, жазбаша өтініштер) негіздейді.

- жергілікті атқарушы орган мүдделі жұртшылықтың тізбесін, хабардар ету тәсілін, қоғамдық тыңдауларды өткізу уақыты мен орнын келіседі, Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жауапты адамды айқындайды.

- тапсырыс беруші мүдделі жұртшылықты хабардар етуді мемлекеттік және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

- Тапсырыс беруші қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды, жоба бойынша құжаттаманы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастыру үшін жібереді.

b) Конвенцияның 6-бабы 6-тармағының талаптарын орындау жөніндегі ақпарат:

c) *Конвенцияның 6-бабының 7-тармағына сәйкес жұртшылықпен ескертулер беру тек "ақылға қонымды" ескертулермен шектелмеуін қамтамасыз ету үшін:*

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің бекітілген қағидаларына сәйкес қоғамдық тыңдаулардың нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Хаттама қоғамдық тыңдауларға қатысқан, сондай-ақ интернет-ресурс арқылы немесе хабарлаудың өзге тәсілдерін, ескертулер мен ұсыныстарды пайдалана отырып қабылданған адамдардың пікірлері ескеріле отырып жасалады. Хаттамада тапсырыс берушінің жобасына қатысты мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары және Тапсырыс берушінің әрбір ескерту мен ұсынысты есепке алу жөніндегі ұстанымы, сондай-ақ шешімге шағым жасау мүмкіндігі туралы ақпарат көрсетіледі. Хаттамаға қоғамдық тыңдаулардың төрағасы мен хатшысы қол қояды және қоғамдық тыңдаулар өткізілгеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

d) шешімдерді тек веб-сайттарда жариялаумен шектелмейтін тиісті рәсімдерді жасау, экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы жұртшылықты жедел хабардар ету үшін, сондай-ақ Конвенцияның 6-бабының 9-тармағына сәйкес жұртшылықтың қол жеткізуіне жәрдемдесу үшін:

1. Заңнамалық деңгейде (57-бап) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын табиғат пайдаланушы оны алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурсында жариялау міндеті енгізілді.

2. Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесінде (Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-п бұйрығымен бекітілген) төмендегілер қарастырылған:

- қоғамдық тыңдаулардың нәтижелері хаттамамен ресімделеді, ол қоғамдық тыңдаулар өткізілгеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

e) жұртшылықты хабардар ету және оған өз ескертулерін ұсынуға мүмкіндік беру туралы міндеттеменің орындалғанын растайтын деректерді қоса алғанда, шешімдер қабылдау процесі үшін маңызы бар басқа ақпаратпен бірге көпшілікке қолжетімді тізімдер немесе қабылданған шешімдер көшірмелерінің тізілімдері арқылы жұртшылыққа сақтау және беру үшін:

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 27-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның жауапты адамы тапсырыс берушімен бірлесіп, осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша сұрау салу нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хаттама жасайды. Хаттамада мүдделі жұртшылықтың ескертулері және (немесе) ұсыныстары және тапсырыс берушінің әрбір ескертуді және (немесе) ұсынысты есепке алу жөніндегі ұстанымы, сондай-ақ шешімге шағым жасау мүмкіндігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы 2001 жылдан бастап БҰҰ ЕЭК Эспо Конвенциясының тарабы бола отырып, қазіргі заманғы ұлттық стратегиялық экологиялық бағалау жүйесін құру мақсатында БҰҰ ЕЭК СЭБ бойынша Хаттамаға қосылу мүмкіндігін қарастыруда.

Сарапшылар Экологиялық кодекстің «Қоршаған ортаға әсерді бағалау»,

«Экологиялық стратегиялық бағалау туралы» және «Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау» туралы жаңа редакциядағы жобасына тараулар әзірледі.

АССС/С/2013/88 хабарламасына қатысты хабарлаймыз:

2012-2014 жылдары әзірленген «Көкжайлау» тау шаңғысы курортының жобасы халықаралық деңгейдегі заманауи курорттың құрылысын қарастырды. Алайда, 2015 жылдың ортасында Алматы қаласының әкімдігі өте ауқымды және қымбат тау шаңғысы курортын салу идеясынан бас тартып, жоба бойынша жұмыстарды тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

Олардың қоршаған ортаға ең аз әсер ету қағидаттарын негізге ала отырып, Көкжайлау жобасы түбегейлі қайта қаралды. Жаңа тұжырымдамаға сәйкес, Жаяу туризмге және отбасылық демалыс үшін басқа да белсенділікке баса назар аударып, жыл бойы қалалық курорт жоспарлануда.

Қоршаған ортаға әсер айтарлықтай төмендеді. Атап айтқанда, жоспарланған құрылыс аймағы 14 есеге, ағаштар 26 есеге азайтылды. 100 гектар жер Ұлттық саябаққа қайтарылады. Жаңа тұжырымдама жеке коттедждердің дизайнын толығымен жоққа шығарады.

Қоршаған ортаға әсер айтарлықтай төмендеді. Атап айтқанда, жоспарланған құрылыс аймағы 14 есеге, ағаштар 26 есеге азайтылды. 100 гектар жер Ұлттық саябаққа қайтарылады. Жаңа тұжырымдама жеке коттедждердің дизайнын толығымен жоққа шығарады.

ОК талаптарына сәйкес қоғамдық тыңдауларды өткізудің бұрын жоспарланған күні (2018 жылғы 19 қазан, жұма) 2018 жылғы 4 қарашаға (жексенбіге) ауыстырылды. Қоғамдық тыңдаулардың қорытындысы бойынша ашық қолжетімділікте орналастырылған 293 беттен тұратын хаттама толтырылды. Оған талдау жүргізілді, австриялық кеңесшілермен Master Concept компаниясымен талқыланды.

2019 жылдың сәуір айында Алматы қаласының басшысы Көк Жайлау курортының құрылысын белгісіз мерзімге кейінге қалдыруды ұсынды.

Іргелес аумақта 30 қылқан жапырақты ағаш отырғызуға уәде етілген.

Сонымен қатар, 2019 жылдың қыркүйегінде Алматыда «Көк Жайлау» трансформаторлық қосалқы станциясының құрылысы тоқтатылды. Салынған ғимарат таулы жерлердегі қолайсыз ауа-райының әсерінен, ұрлықтан және вандализм актілерінен қорғайды. «Алматы жолдары» мердігерлері сондай-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Электрокабель зауыты» ЖШС қосалқы станцияға іргелес аумақты абаттандыру, қоқыстан босату жұмыстарын жүргізетінін хабарлады. Мұнда олар 30 қылқан жапырақты ағаш отырғызуға уәде береді, содан кейін күтім жасалады.

Сақтау жөніндегі комитетке жыл сайын ұсынымдарды жүзеге асырудағы одан әрі ілгерілеу туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады.

2020 жылғы 30 қыркүйекте «Кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойылды, онда туризм объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын салу, мемлекеттік шекара объектілерін жайластыру және олардың жұмыс істеуі, қорғаныс мұқтаждары үшін бұрын олардың құрамынан шығарылған және осы мақсаттарда пайдаланылмайтын босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына қайтару көзделеді.